

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІ РОЖДЕСТВО МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Алматы облысының әкімі Аамандық БАТАЛОВ православиелік христиандарды Рождество мерекесімен құттықтады. Мереке аясында облыс басшысы Талдықорған қаласындағы Архангел Гавриил шіркеуіне барды.

Құттықтау сөзінде өңір басшысы елімізде діни сенімі бөлек, ұлты басқа болғанмен ортақ мақсат, бір мүдде жолында халқымыз бекере-бірлігін ту етіп тату тірлік кешіп келе жатқанын тілге тиек етті.

– Еліміздің Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстанның басты байлығы – бірлік, ынтымақ пен келісім екенін айтудан шаршаған емес. Шынында да бұл қасиеттер еліміздің тұрақтылығы мен өркендеуінің негізгі кепілі, ал ұлтаралық татулықтың айрықша қазақстандық формуласы өзгелерге үлгі болып отыр. Келген 2016 жылы да бізді бақытқа, бақ-даулетке жеткізетін жаңа жетістіктер күтіп тұрғанына сенімім мол. Сіздерді Рождество мерекесімен құттықтап, зор бақыт, отбасыларыңызға амандық, молшылық тілеймін, – деді А. БАТАЛОВ.

Мұнан соң жиналған қауымды мерекенен шіркеудің протоиерейі Григорий Смурыгин құттықтады.

Кездесу жексенбілік мектеп оқушыларының концерттік бағдарламасымен жалғасып, облыс басшысы балаларға рождестволық сыйлықтар мен тәттілер таратты.



АҚЫНЫН АРДАҚТАҒАН АТЫРАУ

Атыраудағы Салтанат сарайы алдында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұраны авторларының бірі, көрнекті ақын, жазушы, Қазақстан Жастар Одағы және Мемлекеттік сыйлықтарының иегері Жүмекен Нәжімеденовтің ескерткіші салтанатты түрде ашылды. Ол ақынның туғанына 80 жыл толуына орай ұйымдастырылды.

Салтанатты шараға қала жұртшылығының өкілдері, қоғам қайраткерлері, еңбек ардагерлері мен жастар көптеп жиналды.

Жүмекеннің даңқын асқақтатқан «Менің Қазақстаным» өлеңі 1956 жылы жиырма бір жасында жазылды. Оған көрнекті композитор Шәмші Қалдаяқов ән жазып, ол 1959 жылы атақты әнші Жамал Омарованың орындауымен халық арасына кең тарады. Бұл ән жарты ғасыр бойы елмен бірге жасап, әр шаңырақтың әуезді әуеніне айналды. «Менің Қазақстаным» 2006 жылы 6 қаңтарда ресми түрде Тәуелсіз Мемлекетіміздің Әнұраны болып қабылданды.

Ақын рухына тағзым ету үшін ескерткіш алдына жиналған халық осы жолы да Жүмекеннің «Менің Қазақстаным» әнін асқан шабытпен шырқады.



Облыс әкімі Бақтықожа ІЗМУХАМБЕТОВ сөз алып, қазақтың көрнекті ақынының туғанына 80 жыл толуына байланысты «Жүмекен жылы» атауымен биылғы жылы өңірде сексен шара ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өткендігіне, рухты да өршіл ақын мұраларының қазақ әдебиетінен алар орнының ерекше екендігіне тоқталды.

Бұнан соң аймақ басшысы мен Ұлы Отан соғысының ардагері Орынғали Қарасаев тұғырдағы тұлғалы ақын ескерткішінің үстіндегі ақ жабындыны түсірді.

Елімізге белгілі мүсінші Нұрлан Далбай мен сәулетші Расул Сатыбалдының кескіндеуімен Астана қаласындағы «ҚазАртСистем» ЖШС арқылы қоладан құйылған ақын ескерткіші үш айда жасалыпты.

Салтанатты рәсімде сөйлеген жүмекентанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Қадыр Жүсіп сонау 60-70-80 жылдары қазақ әдебиетін дүр сілкіндірген, өзінің мәңгілік поэзиясымен қазақ жырына шексіз жаңалық әкеліп, өмірден ерте кеткен Жүмекен ақынның шығармашылық ерекшеліктеріне тоқталып, игілікті іске ұйытқы болған облыс басшылығына ризашылық сезімін білдірді.

– Ақиық ақын жырларын сүйіп оқитын жұртшылық енді оның жарқын жүзді осынау бейнесін көріп, мақтанатын да, шаттанатын да болады. Рухыңнан айналайын, ұлы ақын Жүмекен! – деп аяқтады сөзін Қадыр ағамыз.

– Жүмекен ескерткішін орнатуға қаланың ең бір көрікті жері таңдалған екен. Бұл – мүсінші мен сәулетшінің шығармашылық одағының тамаша туындысы деп бағалауға тұрарлық туынды. Жергілікті халықтың, әсіресе, шаңырақ көтеретін жастардың, қала қонақтарының көбірек келетін орны болатындығына сенемін. Себебі, Жүмекендей дарынды дүниеге әкелген қасиетті өлкеде әдебиет пен өнерді сүйетін талантты жастардың көп екендігіне сенемін, – дейді осы шараға арнайы Астанадан келген Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген сәулетшісі, Халықаралық Саулет академиясының академигі Серік Рустамбеков бізбен әңгімесінде.

Ел рухын асқақтатар Жүмекен ескерткішінің алды әп-сәтте гүл шоқтарымен көмкеріліп сала берді. Ал, жастар ақын жырларын шабыттана оқыды.

Мейрамгүл РАХАТҚЫЗЫ

Бақытжан ЖҰМАТ

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ТОРҚАЛЫ ТОЙ АҚТӨБЕДЕН БАСТАУ АЛДЫ!

Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы тойланатын айрықша жыл. Соған орай Ақтөбеде бірінші рет осы мерекелік датаға арналған Қазақстан халқы Ассамблеясының «ҮЛКЕН ЕЛ — ҮЛКЕН ОТБАСЫ» республикалық жалпыұлттық жобасы бастау алды. «Қоныс» спорт сарайында өткен шарада достық пен татулық патшалық құрған мемлекеттің ең асыл байлығы — қазақ пен қазақ ұлтының айналасына топтасқан 130-дан астам ұлттың ұлы тойы бір шаңырақтың астындағы бір отбасының тойындай берекелі өтсін деген ақ ниет көрініп тұрды. Шараға 4 мыңдай адам қатысты.

Театрландырылған көріністерде бишілер, әншілер мен актерлер ата-баба армандаған Азаттықтың ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен келгендігін көрсетті. Бір сағаттық қойылым Қазақ жеріндегі бірнеше ғасырлық тарихты паш етті: «Ауыл» аталатын бірінші бөлімде қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманның көріністері, одан кейінгі жаугершілік кезеңдер, кешегі Екінші дүниежүзілік соғыс, тың игеру жылдары, қазақ жеріне жан-жақтан депортацияланған ұлттардың тағдыры көрсетілді. «Мәңгілік Ел» бөлімінде Тәуелсіз Қазақстанның ширек ғасырлық тарихы, осы уақытта жеткен жетістіктері, әлем аренасында танылуы сынды тақырыптар қамтылды. Шара барысында ақтөбеліктер мен облыс тұрғындарын мерекелі жылдың басталуымен құттықтаған облыс әкімі Бердібек САПАРБАЕВ та еліміздің осы жылдар аралығында қол жеткізген табыстары жөнінде тебірене сөз сөйледі: Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік – қасиетті ұғым», – деген сөзін сабақтай келе, дүние жүзінде мыңдаған ұлт бар екенін, соның



көбінің өз мемлекеті жоқ екеніне тоқталды. 25 жылдың мемлекет үшін көп уақыт еместігін, осы аз ғана уақытта Қазақстан өз аяғына нық тұрып, әлемге аты танылған мемлекет болғандығын мақтаныспен айтты. Аймақ басшысының айтуынша, 25 жылда талай өзгеріс болды. Қазақстан 70-тен астам халықаралық ұйымның белді мүшесі атанды. Елімізде көптеген ірі-ірі шаралар, саммиттер, форумдар өткізіледі. Осы уақытқа

дейін елімізде жалпы ішкі өнім де, экономикаға тартылған инвестиция да 40 есе артты. 1993 жылмен салыстырғанда өндіріс көлемі 1000 есеге дейін жоғарылады. Халықтың өмір сүру жасы 72-ге дейін көтеріліп, бала туу көрсеткіші 68 пайызға өсті. Соңғы 5 жылдың ішінде ғана елімізде индустриалды даму бағдарламасы аясында 950 жаңа кәсіпорын құрылып, 250 мың жаңа жұмыс орны ашылды. Алдағы жылдары да елімізде ЭКСПО көрмесі, Универсиада сынды бірнеше маңызды шара болады.

«АҚШ-тың 41-ші президенті, үлкен Буш Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың көрегенділігінің арқасында, оған деген халықтың сенімінің арқасында Қазақстан осындай үлкен жетістікке жетті, әлемге танылды деген болатын. Еліміздегі бірлік пен ынтымақтың арқасында осындай жетістіктерге жетіп отырмыз. Сондықтан осындай маңызды жылда өтетін шараларға, біз, ақтөбеліктер, өз үлесімізді қосуымыз керек», – дей келе, аймақ басшысы «үзеңгіге аяқ салып тұрған» үгіт пойызына ақ жол тілеп, оның бастамашысы «Нұр Отан» партиясының өкілдеріне Қазақстан халқы Ассамблеясының ақ туын тапсырып, шығарып салды. Үгіт пойызы қаңтар-ақпан айларында облыстың барлық аудандарын аралап шықпақ. Оның құрамында «Нұр Отан» партиясының, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының өкілдері медицина қызметкерлері, заңгерлер бар. Негізгі мақсат – облыс халқына 25 жылда жеткен жетістіктерді, атқарылып жатқан жұмыстарды насихаттау, тұрғындарға қажетті медициналық, заңгерлік көмектерін беру, ауылда шағын және орта бизнесті құру бойынша кеңестер ұсыну.

Үгіт пойызын шығарып салғаннан кейін сарайдағы мереке әрі қарай жалғасты. Мемлекеттіліктің айрықша белгілері – мемлекеттік рәміздердің төрге шығарылуы, Әнұранды шырқау, кішкентай ұландардың ән салуы, өңірге белгілі әншілер Қанат-Светлана Айтбаевтар, Марат Әйтөмов пен Жұлдыз Нұрқасымовалардың облыстың ғана емес, еліміздің мақтанышы Димаш Құдайбергennің шырқаған әндері сарайды тербетті.

Театрландырылған қойылымның шешуші бөлімінде осы тарихи датаға дейінгі «кері қарай есептеу» сәттері әдемі көрсетілді. Өңіріміздегі этномәдени бірлестіктердің мүшелері көрсеткен шаңырақ астындағы «Достықтың гүлдестесі» осы шараның ең әдемі көрінісі болды. Бұл – үлкен елдің үлкен шаңырағы іспетті. «ҮЛКЕН ЕЛ – ҮЛКЕН ОТБАСЫ» жобасының символы секілді болды...

Тәуелсіздіктің ширек ғасырлық тойын тойлайтын жылда облыста барлығы 5 мыңнан астам әртүрлі шаралар өткізілмек. Ал Ақтөбеде бастау алған торқалы той одан әрі басқа өңірлерде де жалғасын табады!



«ЖАС ДАРЫН – 2015» СЫЙЛЫҒЫ ТАБЫСТАЛДЫ

2-бет

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ КӨРІМ КӨКРЕКБАЕВ БАҚ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

2-бет

КЕШІРІНДЕР... КЕЛГЕНІМДІ ӨМІРГЕ

5-бет

БІЗ ҚАШАН ТОНАЛАМЫЗ?

6-бет

ТАЛДЫҚОРҒАНДА ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫ ЕСКЕ АЛУ ШАРАСЫ ӨТТІ



Талдықорғанда көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Компартия ОК бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туған күніне арналған салтанатты митингті өтті.

баршамызға үлгі болып келеді. Ол біздің есімізде солай сақталды», – деді Алматы облыстық «Қонаев» қорының төрағасы Қадыржан Жексенов.

Шара Димаш Ахметов ескерткішінің маңында өтті. Мұнда таңертең ерте ардагерлер ұйымдары және ғылыми қоғамдастық өкілдері, сондай-ақ өз дәуірінің көрнекті тұлғасын еске алмақ ниетте бірқатар қала жұртшылығы жиналды.

Дінмұхамед Қонаев атындағы облыстық қор төрағасы Қадыржан Жексенов Қонаевтың Кеңес кезеңіндегі Қазақстанның дамуына қосқан үлесіне тоқталды.

«Дінмұхамед Қонаев – өз елінің адал перзенті. Оның басқаруымен Қазақстан кеңес дәуірінде гүлденіп, үлкен биіктерге қол жеткізді. Оның орасан еңбегі ерліктің нышанындай



Жамбыл облысының әкімі Кәрім КӨКРЕКБАЕВ БАҚ өкілдерімен кездесті. Өңірдің әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуын белсенді жариялаған республикалық және облыстық БАҚ пен журналисттер арасындағы шығармашылық байқау қорытындыланды.

– Ағымдағы жыл тарихи оқиғаларға толы болды. Біздің көне қаламыз жаңарды, жасарды. Бәріміздің де өз үлесіміз бар, – деді Кәрім Көкрекбаев.

Өңір басшысы аймақтағы жұмыс сапарларында журналисттердің бірге болып, барлық мерейтой іс-шараларын жылдам жариялағандықтарын атап өтті.

Кездесу барысында облыс әкімі байқау жеңімпаздарына диплом мен сыйақыларын тапсырды. Сонымен қатар БАҚ өкілдерін келе жатқан Жаңа жылдарымен құттықтап, шығармашылық табыс тіледі.

«ЖАС ДАРЫН - 2015» СЫЙЛЫҒЫ ТАБЫСТАЛДЫ



Салтанат сарайында облыс әкімдігі және облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен, «Алтын топшы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Жас дарын – 2015» облыстық жастар сыйлығын тапсыру рәсімі өткізілді.

Салтанатты шараға қатысқан облыс әкімінің орынбасары Шыңғыс МҰҚАН өз сөзінде мемлекет тарапынан жастарды қолдау бағытында жасалынып жатқан жұмыстар жайына кеңінен тоқталды.

– Бизнесін бастаймын деген жастарға біздің елде қолдау зор. Мысалы, еуропада кәсіпкер болсаң, тапқан табысыңның 70 пайызын елге салық ретінде бересің, ал біздің елде керісінше, он пайызын ғана мемлекет игілігіне жұмсайсың. Біздің елде ғана шыр етіп дүниеге келгеніңнен бастап азаматын өз жауапкершілігіне алады. Дәрігер, балабақша, мектеп, оқу орнының бәрі мемлекеттікі болса, идеяңды жүзеге асыруыңа да мемлекет қарасады, көмектеседі, қамқорлайды. Осыдан кейін «Елге біз не беріп жатырмыз?» деген сұрақ туындайды. Бұл сұрақты жүрегімізбен ғана сезінуіміз керек, – деген Шыңғыс ЖҰМАБЕКҰЛЫ жастарға марапаттарды табыстады.

«Үздік жастар ұйымы» номинациясына «Жастар таңдауы – Атырау» қоғамдық бірлестігі ие болды. Ұйым 2004 жылы құрылған. Жетекшісі – Ринат Ғилажев. Жастар саясаты мен қоғам өміріне өзіндік үлес қосып келе жатқан бірлестік көптеген игі іс-шараларда белсенділігімен көзге түсіп жүр.

«Жастармен жұмыс атқарған мемлекеттік мекеме» номинациясын Құрманғазы аудандық жастар ресурстық орталығы иеленді. 2013 жылдан бері орталық жастар арасындағы тілдің, мәдениеттің мәртебесін көтеруге, әдебиетті насихаттауға үлес қосып келеді.

«Үздік жас қызметкер» номинациясының иегері Абылай Досниязов атанды. Ол Атырау инженерлік-гуманитарлық колледжінің директоры.

«Үздік жас кәсіпкер» Гаухар Ілиясова атанды. Жас кәсіпкер Мақат ауданынан 2013 жылы «Ғазиз-А» атты асхана ашқан, 34 түрлі тағам дайындайды. 2014 жылы «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы арқылы жеңілдетілген несие алу арқылы кәсібін дамытуда.

«Жас үздік волонтер» номинациясы Баубек Сабыровқа берілді. Баубек – ерікті түрде қоғамдық іс-шараларға қатысушы. Facebook әлеуметтік желісінде мұқтаж жандарға көмек көрсету және желідегі қауымдастық арқылы жастардың басын біріктіріп, теннис, боулинг, караоке жарыстарын ұйымдастырушылардың бірі.

«Жас үздік спорт шебері» Сұңғат Закарияев атанды. Ол – Қазақ және дзюдо күресінен Қазақстан Республикасының спорт шебері, қазақ күресінен «Еуразия барысы» турнирінің жеңімпазы, ҚР Кубогінің иегері, ҚР Спартакиадаcының жеңімпазы, дзюдо күресінен ҚР чемпионатының жүлдегері.

«Жас үздік журналист» номинациясымен Динара Қанбетова марапатталды. Динара Марданқызы – 2011 жылдан бері облыстық «Прикаспийская коммуна» газетінің тілшісі. Мәдениет, білім, денсаулық сақтау саласы бойынша көптеген мақалалар жазған. Газет саласындағы тынымсыз еңбегі үшін Атырау облысы әкімінің Алғыс хатымен марапатталған.

«Жас үздік әдебиетші» номинациясын Бақытгүл Сәрмекова иеленді. Бақытгүл – облыстық Ішкі істер басқармасының баспасөз қызметінің маманы. Жас жазушы. Шығармалары республикалық баспасөз беттерінде, белгілі интернет басылымдарда жарияланып жүр.

«Жас үздік мәдениет қызметкері» номинациясы Махамбет атындағы облыстық қазақ драма театрының суретшісі Тимур Қосовке бұйырды. Ол – Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының түлегі. Театр сахнасында көптеген спектакльдердің қоюшы-суретшісі. Республикалық, облыстық суретшілер байқауларының лауреаты.

Сондай-ақ шарада «Жас үздік дәрігер», «Жас үздік ұстаз», «Жас тәртіп сақшысы», «Жас үздік әскери қызметкер» номинациялары бойынша үздік жастар есімі аталды.

Салтанатты рәсімде «Нұр Отан» партиясының Атырау облысының филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ерболат Бектеміров жастарға сенім артса, «Атырау-Ақпарат» ЖШС директоры Ерболат Қаменов жаңа бастамаға сәттілік тіледі.

Салтанатты рәсімнің соңы жергілікті өнерпаздардың ән-күйіне, отшашу жарқылына нағыз.



ҚАЗАҚ РАДИОСЫНЫҢ ЭФИРІНДЕ – БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Қазақ радиосының эфирінде 12 қаңтардан бастап Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі негізінде жасалған жаңа жоба тыңдарманға ұсынылып жатыр.

Отбасы құндылықтарын насихаттайтын аталған шығарма Қазақ радиосының әуетолқынынан берілуде.

Бауыржан Момышұлы басынан өткергендері мен пайым-түсініктерін күнделікке жазып отырғаны бәрімізге белгілі. Батыр көрген-білгені мен ойларын жазу арқылы адамдардың ары мен намысын, санасы мен еркіндігін оята отырып, жақсылық жасауды адам бойына ең басты қасиет етіп сіңіру керек деп санаған. Оның қолынан бұл міндетті орындау келді.

Қазақ радиосының эфирінен «Ұшқан ұя» кітабының аудионұсқасын тыңдау арқылы әрбір тыңдарман бір отбасы негізінде батырдың туған жерінде сол жылдары болған оқиғалармен, көшпенділер заманындағы қазақ этнографиясының элементтерімен таныса алады. Бір қызығы, кітапты жазуға Бауыржан Момышұлының 1955 жылдың наурызында көрген түсті түрткі болған.

«Ұшқан ұя» шығармасында Бауыржан Момышұлы әкесі мен әжесінің айтқан ақылы мен өсиеттері арқылы отбасы тәрбиесінің маңыздылығын қозғайды. Автор, салт-дәстүрлерді отбасы мүшелерінің бейнесі арқылы қызықты етіп баяндайды.

Әскери шығармалар мен мемуарлар жанрына жататын «Ұшқан ұя» повестер мен әңгімелер жинағы 1976 жылы Қазақ Социалистік Кеңес Үкіметінің мемлекеттік жұлдесін иеленді. Кітап - халықты міндет, үлкенге құрмет, Отанына деген махаббат сияқты қасиеттерге тәрбиелейтін, ұлттық дәстүрлерін ұстануға баулитын шығарма.

Біз бұл жобаның берік отбасы қарым-қатынасын жоғары қоятын тыңдармандар арасында бағаланатынына сенімдіміз.

Құрметті тыңдарман, Қазақ радиосының әуе толқынынан 12 қаңтардан бастап жұмыс күндері таңертеңгі сағат 9:35-те, қайталауы кешкі 18:35-те беріліп келе жатқан Бауыржан Момышұлының танымал кітабы «Ұшқан ұяның» аудионұсқасын тыңдаңыздар.



АЙТЫСКЕР АҚЫН МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОҚУЛЫҚ ЖАЗДЫ

Павлодарлық жас ғалым Серікболсын Дүйсембай Назарбаев Зияткерлік мектептері мен қазақ-түрік лицейлеріне түсушілерге арналған тест тапсырмалары мен логикалық есептер жинағын жарыққа шығарды.

Серікболсын Дүйсембай бүгінде Астана қаласындағы Назарбаев Университетінің электроника және электротехникалық инженерия факультетінің 4-курс студенті. - Бұл кітап 360 беттен тұрады. Мұнда екі мыңға тарта мәтіндік және логикалық есептер бар. Сондай-ақ оқулықта кеңістікте ойлау қабілетін арттыратын есептер де орын алған. Әзірге жүз данасы жарық көрді. Баспаға жұмсалған қаражатты өзім көтердім. Бір данасы 5000 теңгеден сатылады. Елордада оқулыққа деген сұраныс күн санап артуда. Сондықтан алдағы уақытта бұл кітапты бірнеше есеге арттыру ойда бар, - дейді С. Дүйсембай.

Автордың айтуынша, қазақ тілінде ғана жарық көрген оқулық қазіргі таңда орыс тіліне аударылып, көп ұзамай екі тілдегі нұсқасы ұсынылмақ. Серікболсынның төртінші жыл қатарынан математика және ағылшын тілі пәндері бойынша дайындап жүрген шәкірттерінің 90 пайызы қалаған оқу орындарының студенттері атануда.

Айта кетерлігі, Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернатының түлегі Серікболсын Дүйсембай Үндістанда өткен халықаралық жас ғалымдар конференциясының бірінші орын иегері, республикалық олимпиадалардың жеңімпазы, Болгарияда өткен халықаралық студенттер олимпиадасының бір күміс, екі қола жүлдегері.

Сонымен қатар жас болса да айтыс өнерінде де бағын сынап жүрген ақын жігіт ХІ халықаралық «Шабты» шығармашыл жастар фестивалінде «Үздік әдеби шығарма» сыйлығына ие болған. Талдықорғанда өткен «Жыр алыбы - Жамбыл» атты республикалық оқушылар айтысының және Шапық Шөкиннің 100 жылдығына арналған аймақтық ақындар айтысының бас жүлдегері. 2010 жылы Серікболсынның «Туған жер, бесік дүние» атты алғашқы өлеңдер жинағы шыққан.

ҚОҒАМДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ – ЖЕМҚОРЛЫҚ ПЕН КҮРЕС



Жемқорлықпен күрес қазіргі таңдағы қоғам мен мемлекеттің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Жемқорлық мемлекеттік құрылымды іштей бұзып, еліміздің дамуына, халқымыздың игілігіне барын салуға дайын азаматтардың прогрессивті бастамаларын жоққа шығарады.

Жемқорлықпен күрестің өзі қауіпті әлеуметтік құбылыспен күрес болып табылады. Осыған орай, билік органдары жүйесінде қатаң ішкі құрылымдық бақылау жасау өте орынды. Жалпыға белгілі жағдай, жемқорлықты тудыратын тек Қазақстанға ғана қатысты емес модернизация жолындағы, әсіресе орталықтанған жүйеден нарықтық экономикаға көшуді бастан өткеріп отырған елдерге де қатысты мәселелер жатады. Сәйкесінше себебі мен оған жағдай жасайтын шарттарын тиісті түрде анықтай отырып оны шектеу мен төмендету бойынша нақты шараларды қолдану қажет. Бұл орайда, жемқорлықпен күресте әлемдік тәжірибені зерттеудің біз үшін маңызы үлкен. Оған қоса, жемқорлықпен күрес кең халықаралық құқықтық базаға ие. Қазіргі таңда жемқорлықпен күреске қатысты бірқатар халықаралық құқықтық құжаттар қабылданған: Мемлекеттік лауазымды тұлғалардың халықаралық мінез-құлық кодексі (БҰҰ Бас Ассамблеясының 12.12.1996 жылғы 51/59 резолюциясы); Халықаралық сауда операцияларында жемқорлық пен парақорлықпен күрес бойынша БҰҰ Декларациясы және т.б.

Сонымен қатар, жемқорлықпен күреске елемізде тиісті түрде көңіл бөлініп, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен реттеледі. Жемқорлықпен күресті жүзеге асыруға орай көптеген құжаттар қабылданған. Дегенмен жемқорлықпен күрес саласының негізін қалаушы заң азаматтардың бостандығы мен құқықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін жемқорлық негізінде туындайтын қауіптен сақтауға, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік функцияларды атқаратын лауазымды және басқа да тұлғалардың тиімді жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы болып табылады. Аталған заң жемқорлықпен күрестің негізгі принциптерін, жемқорлықпен қатысты құқықбұзушылықтардың түрлерін және жауапкершіліктің пайда болу шарттарын анықтайды. Сондай-ақ, демократиялық бастаулардың өрістеуіне, мемлекетті басқарудағы жариялылық пен бақылауға, халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімін ұлғайтуға, білікті мамандардың мемлекеттік қызметке түсуіне ынталандыруға, мемлекеттік функцияларды атқаратын тұлғалардың жемқорлыққа жол бермеуіне жағдай жасауға бағытталған.

Жемқорлықты жою – еліміздің фундаменталды құндылығы – тәуелсіздігімізді нығайтатын негізгі шарттардың бірі. Азаматтық қоғамның барлық секторларымен, барлық мемлекеттік органдармен, бизнес өкілдерімен ынтымақтастықта ғана осы мәселені шешіп, Қазақстанның гүлденуіне жағдай жасай аламыз.

Қазіргі таңда бұл мәселеге еліміздегі мемлекеттік органдар өте үлкен көңіл бөледі. Елімізде жемқорлықпен күресте нақты қадамдар қолға алынуда. Барлық деңгейдегі депутаттардың, саяси партиялардың, үкіметтік емес ұйымдардың, ұлттық-мәдени орталықтардың, бизнес қауымдастығының, жастар ұйымдарының, ғылыми орта мен БАҚ қатысуымен қоғамдық кеңестер құрылған. Аталған шаралар жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыруға септігін тигізді. Алайда жемқорлықпен күрес әлі де өзекті мәселе болып табылады. Осы орайда, қоғамымыздың дамуы үшін аталған мәселемен күресте барлық Қазақстан Республикасының азаматтарының үлес қосуы тиіс.

Өзара сенім, жауапкершілік пен серіктестік негізінде мемлекет, қоғам және бизнес өкілдерінің бірігіуі, қоғамдағы жемқорлыққа қарсы пікір мен құқықтық сананы қалыптастыру еліміздегі жемқорлық деген әлеуметтік мәселені жоятына сенімдімін.

А.ӘМІРҚҰЛОВА,

Алматы қаласы Әділет департаменті АХАТ және апостильдеуді қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің жетекші маманы





Исі қазақ халқының ғана емес, Орта Азияға ортақ бірегей де көне музейлердің бірі – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі бүгінде екі ғасырды еңсеріп отыр.

Көненің көзін сақтап, тарихтың өзін тербеткен музей қоры 300 мыңға жуық материалдық және рухани мәдениет құндылықтарынан тұрады. Бүгінгі таңда ғылыми-зерттеу мекемесі мәртебесіне ие музей Қазақстанның музей ісі тарихында алғаш рет еліміздің басқа ғылыми мекемелерімен иық тіресе ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыруға үнемі қатысып келеді. Айтулы жетістік ретінде «Мәдени мұра» Стратегиялық Ұлттық бағдарламасы аясында



жүзеге асырылған 19 ғылыми-қолданбалы зерттеулер жобасын ерекше екшеп айтуға болады. Музейдің ғылыми жобаларының басым бөлігі нақты ҚР МОМ қорындағы материалдарға, Қазақстан мен Ресейдің мұрағаттық дереккөздеріне негізделеді. Көп жылғы археологиялық, этнографиялық және археологиялық экспедициялар мен зерттеулер негізінде Музей бірегей басылымдар – ғылыми каталогтар, «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5 томдық энциклопедиялық сөздік және басқа да көптеген еңбектер жариялады.

Қазақстанның ерте және орта ғасырларына жүргізілген нарративті зерттеулер мен археология, этнография, нумизматикадағы ғылыми каталогтар мен зерттеулер бойынша 30-дан аса басылымдар жарық көрді. Олардың бәрі де тек Республиканың ғылыми жұртшылығымен шектеліп қоймай, сонымен қатар шет елдік мемлекеттердің ғылыми ортасы мамандарының тарапынан жоғары бағаға ие болды (Франция, Италия, Германия, Ресей және т.б.). Этнолог-ғалым Нұрсан Әлімбаев бастаған музейдің ғылыми қызметкерлері мен мамандары Қазақ хандығының құрылуының 550 жылдығына, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орайластырылған «VII Оразбаев оқулары» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына, VI Халықаралық «Мәдениеттер



тоғысындағы тіл, әдебиет, аударматану, журналистика, экономика және бизнес мәселелері» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияға белсене қатысты. Қазақтың аса көрнекті этнографы, профессор Х.Арғынбаевқа арналған «Өнегелі өмір» сериясының 46 томына музей қызметкерлерінің 4 мақаласы енгізілді. Рухани-материалдық құндылықтарды жиып-теру, сақтау, дәріптеу, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуді міндет еткен музейлердің ерен еңбектерін жұртшылыққа танымал ету, дәріптеу мақсатында отандық музейлер арасында тұңғыш боп «Музей түні» акциясының авторы болды. Бұл кеште музейге келушілер музей залдарын аралаумен қатар, музейдің сыйлы қонақтары – отандық танымал өнер жұлдыздарының өнерлерін

де тамашалайды, жәрмеңкеге қатысып, тегін ас мәзірінен дәм татады. Осылайша, бұл мереке қалалықтар үшін де, қала қонақтары үшін де дәстүрлі де асыға күтетін үлкен мерекеге айналып отыр.

Отандық музейлер арасында салмақты орны бар танымал музейге келушілер саны күннен күнге артпаса кеміген емес. Мұндай келушілер қатарында еліміздің елеулі, халқымыздың қалаулы ұл-қыздары, өнер жұлдыздары, саясаткерлер, алыс-жақын шетелдік қонақтар оның ішінде бірінші басшылар – президенттер, корольдер, елшілер және т.б. бар. Олар тек өздері ғана келіп қоймай, балалары, немерелері, шәкірттерін ерте келіп, ел тарихымен, салт-дәстүр, ұлттық айшықтарымызбен таныстыра музейдің «Қонақтар кітабына» өздерінің де жылы лебіздерін білдіріп, қолтаңбаларын қалдырып жатады. Біз төменде арнайы талдап, таразылаған, музей мәртебесін асырған ізгі қолтаңбалар – ертеңгі тарих...

Эстрада жұлдызы (сопрано), педагог, профессор Қуанышқызы Роза Рымбаева: «Қазақстан Республикасы орталық музейіне ізгі ниетпен шын жүректен рахмет!» – деп алғысын білдірсе, Әнші (баритон), театр және кино әртісі, профессор Кенжетайұлы Кәукен: «Балаларым көзімнің тірісінде сүйікті елім алдында аман екенімді білдіріп еңбек еткендеріңе көп рахмет. Бекен саған, Фарида саған айтар алғыстарым көп. Аман болыңдар, бақытты болыңдар, еліңнің қуанышына бөленіңдер! Көп жасаңдар, қайырлы, қасиетті туған елім!» – деп тебіренген.

Материалдық және рухани құндылықтарды қойнына құндақтаған музей әрқашан ұлттың ұлылығын танытады, елді барша әлемге паш етеді. ҚР Білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысы Әмірхан Мұратбекұлы Рахымжанов: «Құрметті Қазақстан Республикасы Орталық



бағдар беретін музей екендігін бір ауыз сөзбен ғана былай деп: «Музей рассказывая молодым о прошлом помогает их будущему!» жеткізді.

Тарихшы, жазушы, қазақтың ауыз әдебиетін зерттеуші ғалым, филология ғылымдарының докторы, Мемлекет сыйлығының лауреаты (1984),

археология олжалары екендігіне тоқталды. Музей қызметкерлерінің өткенге өткел сап, қазіргі қадамымызды жете таныстыруын жоғары бағалады. Басын иіп тағзым ете алғысын білдірді.

Көрнекті қазақ ақыны, тілтанушы, саясаткер, ядролық қару - жарақты жаппай қолдануға қарсы тұрушы Олжас Омарұлы Сүлейменов өткенін білмейтін жастың болашағы көмескі екендігін айта, өткенді өрелеп, бүгінді саралап, болашақта халыққа

МУЗЕЙ АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТҚАН АҚ ТІЛЕК ҚОЛТАҢБАЛАР



мемлекеттік музейінің қызметкерлері! Музейді көріп, жұмысымен танысып, керемет үлкен әсер алып отырымын. Жас ұрпаққа үлкен өнеге, көретіндері, оқитындары, біліп жүргендері, жалпы еліміздің тарихына теңдесі жоқ үлкен өнеге деп білемін».

ҚР МОМ-ін 1999 жылдан басқарып келе жатқан, музейдің арнайы ғылыми-зерттеу және мәдени білім беру институтының негізінде қайтадан жасақталуына басшылық еткен, елімізде және шетелде танымал этнолог-ғалым, 300-ден аса ғылыми жарияланымдардың, сонымен қатар номадология, этнология және қазақтардың мәдени дәстүрі, фольклоры мен музейтану салалары бойынша монографиялық зерттеулердің авторы Нұрсан Әлімбаев туралы Ресей Федерациясының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, тарих ғылымдарының докторы, профессор А.И.Мартыанов: «С чувством большого удовлетворения посетил Центральный Государственный музей Республики Казахстан, встретился с директором – энергичным инициативным и великомерно подготовленным профессиональным человеком, сотрудниками музея, осмотрел экспозиции, построенные на высоком профессиональном уровне. Музей обладает богатейшими и во многом уникальными фондами

раскрывающими все богатство истории и культуры Республики. Смело можно сказать что музей – это культурно-историческая, национальная жемчужина Республики Казахстан. Желаю процветания музея, успехов и удовлетворения его сотрудникам», – деп зор құрмет танытты.

Техника ғылымдарының докторы, профессор, Кеңес Одағының еңбек сіңірген ұшқыш-сынақшысы, ғарышкер, авиация генерал-майоры, Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты, халық қалаулысы Тоқтар Әубәкіров еліміз еңсерген әрбір дәуірден хабар беретін осындай музейдің барлығын мақтан ететінін айта келе, музей экспозициялары заманауи ғылым мен

Қазақстанның Халық жазушысы, Түркияның Халықаралық «Түркі дүниесіне қызмет» сыйлығының сахибы – Мұхтар Мағауин: «Қазақ халқының мәңгілік қазынасын жинақтаған Ұлы Музей осы, өркендей берсін! Ғылыми Орталық ретіндегі бар жұмысы баян тапсын» – деген ыстық ықыласымен музейіміздің атқарып жатқан қызметін айтып, әлеуетін басып көрсетті, іске сәттілік тіледі.

Шетелден ағылып кеп жататын қонақтардың да ізгі ниет, ақ тілектерін мына жолдардан тануға болатын шығар, сірә:

«Музей очень прекрасный, чувствуется большое уважение казахского народа к своим предкам, к своей истории. Здесь имеются многие вещи, которые принадлежат предкам всех народов Центральной Азии и это обязывает нынешнее поколение, чтобы сотрудничали теснее. Спасибо всем работникам музея. Құрметпен, Тәжікстан Республикасының Мәдениет министрі, Ш.Орумбекзода».

Биылғы жылы музейге арнайы келген іссапарында ҚР Мемлекеттік хатшысы Әбдіхалықова Гүлшара Наушақызы: «Орталық музей ұжымына! Биыл қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойына байланысты үлкен жұмыс атқардыңыздар. «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыруда Сіздерге зор творчестволық табыс тілеймін. Орталық музей халықаралық деңгейге жеткізуге бірігіп атсалысамыз деп сенемін,» – деген жолдармен үлкен сенім артатынын жеткізген еді. Осындай ізгі ниет, жылы лебіздер қабыл болып, ел сенімін арқаалаған музейіміздің мерейі үстем болсын.

Музей коллекцияларының негізгі XIX ғасырдың 30-жылдары Орынбордағы Неплюев әскери училищесінде «Орынбор өлкесіндегі Музеум» деген атпен ұйымдастырылды. Әр жылдарда музей қорының құрамы Орынбор өлкесіндегі музеймен қатар Жетісу облысы мен республикалық атеизм музейінің коллекцияларымен толығып отырған. Музейдің құрылымын жинақтауда қазақ мәдениетінің, әдебиет пен өнердің, ғалымдар мен тарихшылардың, саясаткерлерлердің, қоғам қайраткерлерінің атқарған қызметтері зор. Атап айтар болсақ Музейдің құрылуына, қара шаңырағын мәртебелі болуына үлес қосқан ұлы тұлғалар: А.Байтұрсынов, Ә.Жиреншин, Ф.Мұстафин, К.Бадиров, Ә.Марғұлан және тағы басқалар.

1944 жылы музей 1-категорияға және өзінің қазіргі, яғни Қазақстанның Мемлекеттік Орталық музейі атауына ие болды. Мемлекеттік Орталық музей дамуы мен құрылуы барысында көптеген жағдайларды бастан өткерді және мәдени-ағартушылық және ғылыми ұйымдардың негізінде республиканың дамуына үлкен үлес қосты. XIX ғасырда қызметін бастаған және XX ғасырдың қиындықтарын бастан өткерген Орталық музей республиканың өзге музейлерінің ұйымдастырылуы мен дамуына атсалыса көмектесіп келеді. Мұнда біліктілігі жоғары мамандар, оның ішінде 3 ғылым докторы, 9 ғылым кандидаты және 30 магистр еңбек етеді. Жалпы саны 300-ге тарта адамды жұмыспен қамтып отырған көк аспанмен астасқан көк күмбезді қазақтың қара шаңырағының мерейі әрдайым үстем болып, еңбектері жана берсін! Ел болашағын ойлайтын тілеулес жандар қатары толастамасын деген тілектеміз.

Гүлнұр САУҚАНҚЫЗЫ,

ҚР Мемлекеттік Орталық музейі

редакциялық-баспа жұмыс секторының жетекшісі.



ЕЛ МЕН ЖЕР...

Азамат үшін одан қасиетті не болмақ? Жер үшін небір азаматтар жанын пидә етіп, тарихта қалды. Олардың атын атап, түсін түстеудің де қажеті жоқ. Оларды халық онысз да есте сақтап, ардақтайды. Соңғы дәуірдің сондай қайраткерлерінің қатарына жазушы Сапабек Әсіпті де қосуға толық жақымыз бар деп есептейміз.

Бір нәрсе белгілі. Жаңарған тарихымызда жер тағдыры үшін жанын салып, басы небір дауға қалған дәл Сапабек ақсақал сияқты жанкештілердің саусақпен санарлық қана болғанын білеміз. Сапабек ақсақал, бізге салса, осындай патриоттық «сырқатпен» ежелден «ауырса» керек деп толшылаймыз. Осы орайда, талай мәрте Парламент мінберіне көтерілді, ондаған кітаптар, мақалалар жазды. Сол шығармаларының бәрі де алдымен ұлттық мүддені, қазақтың болашағын күйтейді.

Жер мәселесі қашанда даулы, айғайлы. Өзінің айтуынша, «мінезге жұтaн» жаратылған Сапабек Әсіп бұл орайда талай теперішті де көріпті.

Сөйткен Сәкең бүгін 90-ға толғағы отыр. 90 дегеніңіз – екінші бірі жете бермейтін жас. Ұлттық мүдде жолында қажымай, талмай күрескен ағамыздың о бастағы табиғи жаратылыс да өзі намысын жоқтаған туған жері, төл топырағы сияқты қайратты, жігерлі болған-ау деп толшылауға негіз бар.

Сапабек ақсақалмен әңгімеміз бірден жараса кетті.

– Мен өз ғұмырымда елдегі жер қатынастары тарихын көп зерттедім.

Бірнеше кітаптар мен мақалалар жария–ладым. Ақиқатында жер – қазақ үшін мәңгілік, өзекті тақырып болуға тиісті, – деп бастады әңгімесін Сапабек ақсақал.

Сәкеңнің айтуынша, қазақтар өз жері, өлең төсегінен ХІХ ғасырдың орта шенінен бастап айырылған көрінеді. Кеңес өкіметі орнағанға дейін қазақ халқы аса құнарлы 45 миллион десятина жерін келімсектерге берген. Оған ішкері Ресейден көшірілген шаруалар мен мұжықтар күштеп қоныстандырылған. Қазақ елі шөл далаға ығысуға мәжбүр болған.

Сәкеңнің бұл сөзі біздің де кө–кейімізде жатқан бір мұңды оятты. Біз туып–өскен Зеренді мен Бұрабайдың ортасындағы ауылымыздың іргесінде топырағы «жетек ексең – арба өсіп шығатындай» дейтін Түкті тауын қор–шай қазылған ордың ізі әлі күнге дейін сайрап жатыр. Жергілікті қазақтар оны «қанауа» дейді. Орыстың «канава», яғни ура сөзінің қазақы нұсқасы. 1906 жылы келген қоныс аударушылар осы құнарлы аймақты айналдыра ұра қазып, ішіне қазақтардың енуіне тыйым салған.

(Жалғасы. Басы өткен жылғы сандарда)

Қазақ жерінің жоқшысы, қарымды қаламгер Сапабек Әсіпұлы торқалы 90 жасқа толды. Біз абыз ақсақалдың «Қазақ қасіреті» қоғамдық зерттеуін одан әрі жалғастырмақпыз.

БАСПАНАСЫЗ БЕЙБАҚТАР

Қазақ даласына қазақтар баса көктеп кіріп станица, хуторлар сала бастағалы қашан! Байырғы әскерлер лек–легімен келіп, қамал, бекіністер салғалы да ондаған жылдар өтті. Патша өкіметі 1861 жылы реформа жүргізіп, басыбайлы крестьяндарды босатқанда бостан–бос босата салған жоқ–ты. Құнарлы жерлерін помещиктерге қалдырған да, өздеріне бостандық берген. Жері жоқтың — ырыздығы жоқ. Барының өзі аз болса, табыс көзі де тапшы. Сондай жағдайда итішілеп күн кешкен кедей кре–стьяндарды жақсы жерге орналастырып, әл–ауқат күйін жақсарту үшін өкімет оларды отар аймақтарға шұбыртып көшірген ғой. Казактар да, крестьяндар да қазақ жерік алудай–ақ алып жатыр. Біраздан кейін ол жерлері аз көрінеді де тағы да кестіріп алады. Казактар мен крестьяндарға ғана емес, үйездің облыстың шенеуніктеріне де үй керек. Әскери қызметшілер де сыбағадан құр қалмайды. Бәрі де аларын алған. Бұлардың сыртында оларға аң, құс аулайтын қорықтар, жазда серуендеп, демалып қайтатын орманды саяжайлар да керек. Оның бәрін қазақтан тартып алмағанда қайдан алады? Атауын жақсы–ақ тапқан: мемлекеттік мүлік — орманды саяжай. Орысша «Лесные дачи» дейді. Мұндай «Лесные дачалар» қазақ облыстары мен үйездерінің бәрінде бар. Бәрі де кезінде қазақтардан тартып алынған да «мемлекет мүлкі» деп аталған.

Ғасырымыздың басында «Халықтар түрмесі» атанған Ресей империясыңқ мұқтажы көп. Көршілес аз ұлттар мен ұлыстардың бірінен соң бірін қарудың күшімен бағындырып, жерін тартып алудан бөтен шаруасының оннан тоғызын орнына келтіре алмайтын патша өкіметі қазақтарды қайтып ондырсын. Жамандығын басынан асырады. Жақсылығын жасау колынан келмейді. Зайсан үйезін билеген әкімшіліктің шекесі қызып тұрған жоқ. 1909 жылға дейін бұл маңда қазынаның иелігіне жататын орманды саяжай болмаған екен. Үйез бастықтың облыс бастықтарына осындай мұңын айтып шағынған да қолайлы жер қарап, ұнағанын «қазыналық меншік» — «Лесные да–чи» деп жариялауға рұқсат алған. Үйез қарауындағы болыстардың жерін зерттегенде Кендірлік болысы қазақтарының үштен біріне жуығы қыстау салған орман–тоғайлы, ықтасыны мол, алаңдары көкорай шалғынды тау бауырын ұнатқан. Өлшеп көрсе көлемі де көңіл тояттарлық — 41042 десятина. Зайсан Зақытша комиссиясы қазыналық орманды саяжай болуға осы лайықты деп қаулы шығарған. Оларын үйездің әкімшілік қолдаған да, облыстық басқарма мақұлдағаннан кейін губернатор бекіткен. Сол қаулы бойынша қазақтар бұл жерге иелігінен айрылып, қыстауларын мәңгілікке тастап кетуге тиісті болған. Өкіметтің өкімі солай. Қазақтардың оны орындамасқа құқығы жоқ.

Қыстың басында Кендірлік болысына ояздан «Қазақтар көшсін де орманды саяжайды босатысың» деген жарлық түсті. Болыс қалбалақтап қалды:

– Мәртебелі ояз тақсырдың айтқанын екі еткізбейміз ғой. Қыстың көзі қырауда, бала–шағаны үстііп–жауратып көшу қиын. Қайда барып қыстау салатынымыз да белгісіз. Биыл қыстап шығуға мұрсат берсін. Осы тілегімізді жеткізіңіз.

– Біз тізек алып қайтуға келген жоқпыз. Көш деген соң көшіріңдер де, орманды саяжайды босатыңдар!

Болыстың үзенгілестері де қарап тұрмай, біріміздің болмаса біріміздің сөзімізге тоқтап, мейрі түсер деген үміттен жылынып–жалбарынып қоя берді:

– Қартайған шал–кемпірлеріміз бар. Соларды аяңыздар.
– Қаншама ауру–сырқаулар бар. Бишаралардың көз жастарына қараңыздар.
– Қайырымды таксырлар, мейірім ете көріңіздер.
– Орманды саяжай қазынаныкі. Қалған күннің өзінде малдай немесе ақшадай ақы төлеуге тура келеді.

Қазақтар анырып қалды. Өйткені олар қыстаудан көшу бұл маңмен біржола қоштасу екенін әлі де түсінген жоқ–ты:

– Қалай, қалай дейді? Өзіміздің атамекен жеріміздің шөбін жеп, қолымыздан салған үйімізді қыстап шыққанымыз үшін де ақы беретін болғанымыз ба?

– Сөзді қойыңдар. Жер қазынаныкі болған соң оған шыққан шөп те қазынаныкі. Ақы демесеңдер демеі–ақ қойыңдар. Саяжайға мал қыстатқандарың үшін салық төлейсіңдер.

Жағалай отырғандар еліріп де ете қалды.

– Ақы да, салық та төлемейміз. Қыстауларымыздан да көшпейміз. Осы сөзімізді оязына айтып барсын.

Қазақтардың оңайлықпен көшпейтініне көзі жеткен жандарал көрген–білгенін, естігенін айтуға қаласына қайтты.

Ояздың жаңа жарлығы қазақтарды бұрынғыша тұйыққа тірей келді: «Қазақтар қыстауларында әзірге қалсын. Бірақ қолдарына мал ұстамасын».

Болыс қасына ауылнайларын, елдің басқа да игі жақсыларын ертіп елдің арыздарын айтуға дуанға аттанды.

Бұл жолы ояздың рақымы түскендей болды. Қазақтар қыстауларында уақытша қала тұрсын деген сөзін қайта жұтқан жоқ. Малың қолында ұстауына да келісімін берді. Оның есесіне орманды саяжай есебінде қазынаға алынған өздерінің үйлеріне қыстап, өздерінің жеріне малын жайғаны үшін алындын ерекше салықты мойындарына артып жіберді.

– Келер жылы қыстауларыңды бұзып көшесіңдер. Сол үшін сыйлық береміз, – деп те ескерткен еді. Қазақтардың бірі:

– Сыйлықтарыңды алмай–ақ қояйық, үйімізді бұза көрмеңдер, – деп кемсендеп қоя берді. Тілмаш оны орысшалағанда ояз кекесінмен мырс етті: «Қыстау сөзсіз бұзылады. Қиратылған құрылыстар үшін сыйлық алмаймын десе өзінің ықтияры.

Бұл – Сапабек ақсақалдың айтқан–дарын дәлелдейтін біз білетін ақиқат. Қазақ даласында мұндай мысал жетіп–артылады. Демек, Сәкеңнің жер мәселесін жанкештілікпен көтеруінің де қисыны бар деген сөз.

Ол кісінің айтуынша, 1904 жылы Ресей астанасының жер шаруашылығы министрлігінде қоныс аудару жөніндегі басқарма құрылады. Содан бастап, 1917 жылға дейін ішкері Ресейден Қазақстанға 450 мың отбасы көшіріліпті. Оларға басы бүтін берілген жердің көлемі 21 миллион десятина. Әлбетте, бұл отарлаудың тиімді тәсілі болатын.

Жалпы, Қазақстан Ресейге ресми түрде қосылған 1731 жылдан 1903 жылға дейін патша өкіметі күштеп тартып алған жердің көлемі – 24 миллион десятина. Қазақстан жерінің 180 миллион гектарының жайылым, оның үштен бірі шөл және шөлейтті дала екенін ескерсек, бұл – әлбетте, орны толмас шығын.

Қазақ елі оның зардабын соңғы кезеңге дейін тартты. Қазақ КСР Минис–трлер Кеңесі 1989 жылы рес–публикадағы 71 ауданның жағдайын нашар деп ресімдейді. Оның ішінде 31 ауданның жағдайы адам төзгісіз болатын. Онда негізінен қазақтар тұратын. Міне, патша үкіметінің, жалпы мәскеулік империялық озбырлығының жаңғырығы осындай. Оған біреулер төзді, енді біреулер төзе алмады. Төзе алмағандар Сәбетқазы Ақатай мен Сапабек Әсіп сияқты патриоттар болатын.

– Мен бұл мәселені өмір бойы зерт–тедім, – дейді Сәкең. – 1895 жылы статист Федор Шербина деген кісіні патша үкіметі Ақмола, Семей, Торғай облыстары тұрғындарының жер пайдалану жайын зерттеп, «артық» жерлерді табу үшін Қазақстанға жібереді. «Артық жер» дегеннің не екенін білесің бе? Ол – біріншіден, қазақ жерінің құнарлы өңір–лерін анықтап алып, оны келімсектерге беру, сол арқылы Қазақстанды қырық құрау етудің алғышарты болатын. 1896 жылы Петербордан шыққан экспедиция өз жұмысын Көкшетаудан бастайды. Оның қорытындысы 1898 жылы Воронеж қаласында «Материалы по изучению киргизского землепользования. Кочетавский уезд» деген атпен басылып шығады. Қанша «артық» жер бар екені де көрсетіледі. Сәл кейін патша үкіметі осы үш облыстың он екі уезіне арнап он екі том шығарады. Міне, патша үкіметі ХІХ ғасырдың өзінде жер мәселесіне осыншалықты көңіл бөлген. Қазақ жерінің әлі де болса игерілмей жатқан аймағы көп. Қазіргі тәуелсіз елдің де осы мәселені ескеріп, жер пайдалануға байланысты осындай

ҚАЗАҚ ҚАСІРЕТІ

Бір анығы: Ерте ме, кеш пе, бәрібір қыстаулар бұзылады. Зайсан Уақытша комиссиясының есебі бойынша 440 үй, Кендірлік болысы қазақтары қауымының сенімді өкілі Әбзани Томпиннің есебі бойынша жері қазынаға алынған 540 үй бұзылып, иелері баспанасыз қалады.

Баспанасыз бейбақтар қайда барып бас сұғады? Қалай күн көреді десеңізші.

Орыс адамдары билеп тұрған Зайсанның есебі түгел. Орманды саяжайда малын баққаны үшін қазақтар ерекше салық төлеп тұрады. Бұзылған қыстаулар үшін «сыйлық» төлене ме? Жоқ па? Оны ояз былай тұрсын, Семей облыстық басқармасы да білмейді. Омбыдағы Далалық генерал–губернаторлықта мемлекеттік мүлік басқармасы деген мекеме бар. Соның рақымы түссе берілер, түспесе жоқ дей беріңіз.

ӘБЗАНИ САБАЗДЫҢ ҮШ СҰРАҒЫ

Бір мың сегіз жүз үйлі Кендірлік болысы қазақтарының сенімді өкілі болған Әбзани Томпиннің арызын талқылаған Семей облыстық басқармасы мәжілісінің журналында оның апат аузындағы қандастары атынан берген үш сұрағының мазмұны жазылып қалыпты. Олар мыналар:

Біріншіден. 1800 үйлі бір болыс елдің егіндік жерсіз, ең кемі қырық мыңдай малына жайылымдық жерсіз, егінді және малды суаратын сусыз өмір сүріп, тіршілік етуі мүмкін бе?

Егер мүмкін болмаса, комиссияның 2 қыркүйекте қабылдаған қаулысы бойынша жасалған осындай апатты ахуалдан шығатын жол қайсы?

Екіншіден, жергілікті жұрт үшін құны ондаған мың сомдық суару жүйелері — Қара тоғам, Жаңа тоғам арықтарын ақысыз–пұлсыз тартып алу әділдік пе?

Үшіншіден, ата–бабалар үй салып түтін түтеткен, бүгінгі ұрпақтар қысқы тұрақжай есебінде пайдаланып жүрген 41042 десятина жер қазынаға алынды. Ол үшін өкімет иелеріне әлі көп тиын төлеген жоқ. Осы жерде мал баққаны үшін ақша төлеттіру әділдік пе?

Мәселе – сурақтардың қабырғасынан қойылғаны, тайға таңба басқандай анық та түсініктілігі дау туғызбаса керек. Жауап та соншалықты анық, нақпа–нақ, әділ болса құба–құп қой. Үш пункттен құралған сурақтарға «Общее присутствие» тура жауап қайтармай «Таврический поселкесінің маңында су тапшы. Крестьяндарға жеткілікті мөлшерде ауыз су, малына суат және шабындық керек болғандықтан...». «Кендірлік болысында казақтар пайдаланып жүрген басы артық жер жетерлік» деп сыдыртып өте шыққан да, орманды саяжайға алынған жер, бұзылатын қыстаулар үшін «сыйлық» төленбегенін атап көрсете келіп: «...Саяжай шекарасының ішінде кеткен 440 қыстаудың иесі қысқы қонысы басқа жерге көшірілгені үшін берілетін сыйлықты әлі күнге дейін алмаған көрінеді. Бұл материал Омбы мемлекеттік мүлік басқармасына жіберілуге жатады. Арызданушы сонда барып құрылыстарды көшіргені үшін тиісті ақшаны төлеуді талап етсін» (сонда, 11–парақ) деп түсінік беріпті.

Әбзанидың Омбыдағы генерал–губернатордың атына жазған арызы қайта оралып келіп Семейде қаралып еді. Облыстық басқарманың жол көрсетіп, жұмаусы бойынша сол Омбыға қайта барып, жер алынып, қыстаулары бұзылатын болғаны, оған тиісті «сыйлық» әлі төленбегені, қыстаудың маңайына мал жайғаны үшін заңсыз салық салынғаны хақында арыздану керек болды. Қазаққа опа бермеген Омбы тағы қайда жіберер екен?

«Общее присутствие» қаулы да қабылдады. Оның бірінші пунктінде арыз иесінің Таврический селосына ксілген жерді қайтаруды сұраған талабы туралы айта келіп: «Оставить без последствие» деп жазапты. Қазақша мағынасы «аяқсыз қалдырылсын» ғой баяғы.

Қаулының екінші пункті бойынша Семей ауданында қоныс аударушылар ісін басқаруға Таврический учаскесінің ішінде кеткен суару жүйесін бағалау жұмысын жүргізіп, арықтар үшін берілетін «сыйлықтың» мөлшерін Зайсан Уақытша комиссиясының қарауына енгізу тапсырылды.

Қазақтар суды қайдан алады? Жаңа арықты қайдан қазады? Ол жайында бір ауыз сөз жоқ. Белгілі: қайда барсаң онда бар. Арықтарыңды таста да көзіңді жоғалт.

Үшінші пунктте де осылай: «За переноса другое место построек» иелеріне «сыйлық» беру Омбы мемлекеттік мүлік басқармасынан суралсын делінді.

Ең бастысы,Әбзанидың «1800 үйлі бір болыс елдің егіндік жерсіз, ең кемі қырық мыңдай малына жайылымдық жерсіз, егінді және малды суаратын сусыз өмір сүріп, тіршілік етуі мүмкін бе?» деген сұрағы жауапсыз қалды.

Отаршыл патша өкіметінің Қазақстанда тындырған басты шаруаларының бастысы – қазақтардың пайдалануынан «артылып» жатқан жерді іздеу, Ішкі Ресей губернелерінен көшірілген қара шекпендерді сол жерлерге орналастыру болғаны тарихтан белгілі. Әбзани Томпиннің сөзімен айтқанда «Взять все то, что самое лучшее». Казактар мен крестьяндарға:

– Астық керек деп құнарлы жерді алды.

– Саяжай керек деп қыстауларды алды.

– Су керек деп арықтарды алды.

Содан кейін Кендірлік болысының қазақтарына не қалды?

– Орыстар тартып алған атамекеннің айықпас қасіреті қалды.

– Шөл азабы, аштық аранын ашып алды.

– Тіршілік үшін ауыр арпалыс қалды.

Қазақ даласына орыс адамдарымен қоса келген «көп жақсылықтың» Кендірлік болысындағы бір көрінісі осындай.

МҰЖЫҒЫНА ДЕЙІН МЫЛТЫҚ АСЫНҒАН

Ауылдасы Бегәлі Әбдікәрімұлын қасына ертіп, егіндігіне келе жатқан Жұмақұл Айбашұлы жер жыртып жүрген қара шекпендерді сонадайдан көріп тіксініп қалды. Өз көзіне өзі сенбей:

шаралар қолдануды одан әрі қолдай берсе құба–құп, – дейді Сәкең.

Сапабек Әсіп үкіметтің жер пай–да–лануға байланысты көптеген құжат–тарын қарап зерделеген. Олардың ара–сында «Почвы Казахской ССР», «Агро–климатические ресурсы» деген кі–таптары да бар. Сәкең соларға қарап орталық үкіметтің қазақ жерін мен–шіктеп алуға қаншалықты күш салғанына көз жеткізіпті.

– Жердің де жері бар. Бірі байлыққа тұнып тұр. Екіншісінің астында да, үстінде де ештеме жоқ тақыр «кедей». Осындай жер және оған сіңірген еңбектің қайтарымы жөнінде Сұлтанмахмұт былай деп толғаған.

«Қалай егін егерсің бейнеттеніп,
Көзің жетіп тұрса егер ормасыңа.

Гүл ұрығы жел ұшырып құмға түссе,

Шара жоқ кеуіп, құрап солмасына».

– Патша үкіметі қазақтардың жерін мемлекет меншігі деп жайдан–жай жариялай салған жоқ–ты. Алысты мегзейтін жоспары бар болатын. Сол жоспар бойынша даланың жал–жаы, қазы–қартасын, яғни құнарлысын кесіп–кесіп алды да, мұжықтардың қолына ұстата салды. Ішкі Ресей губернияларынан сонау қиырдағы шет аймақтарға көшіру шығынын мемлекет мойнына артып қойды. Үй, қора–қопсы салу, малдану, шаруашылық құрал–саймандарын алу үшін ақшадай жәрдем көрсетті. Дүелі есін жинап, етегін жауып алынсн деп бірнеше жылға алым–салықтан босатты. Белгілі тарихшы П.Галузоның сөзімен айтқанда, бұрын әбден қаналған крестьяндар жаңадан қоныстанған жерлерінде «өздері» кісі еңбегін қанаушы болып алды, – дейді Сапабек ақсақал.

Міне, біз білетін, біз ғана емес, бүкіл қазақ білетін жер жанашыры жазушы Сапабек Әсіптің болашаққа айтар тәлімі осындай. Қазір Қазақстанда ұлттық жер ресурстары мен оның тарихын дәл Сапабек ақсақалдай жетік білетін маман жоқ десе де болады. Бар болуы да мүмкін, алайда дәл Сәкендей жүрегі жер үшін елжіреп тұрған патриот тұлғаның сирек кездесетіні айдан анық.

Бүгін – Сапабек Әсіп 90–ның төрінде. О баста жер жанашыры болып туған қазақтың асыл қариясының болашақ ұрпаққа айтар аманаты да, көрсетер үлгісі де – кемел. Әлі үлгі алуға болатындай. Егер қазақтың әр азаматының жүрегіндегі жерге деген махаббаты дәл Сәкендегідей болса, қазақ жерінің жарты сүйеміне ешкімнің көз алартпайтынына күмәніміз жоқ. Үлгі тұтар патриот тұлға іздесең, ол араңда жүр, қазақ ұланы! Біз де Сәкеңе бүгінгі торқалы толы күні ұзақ та бақытты ғұмыр тілейміз.

Өмірзақ МҰҚАЙ,
жазушы.
Алматы.

– Мына тойымсыз

шошқалар жерімізді тағы

да тартып алайын деді ме?

– деп ызалана айқайлап

жіберді де, атын борбайға

бір салып шаба жөнелді.

Қателеспеген екен. Осы Әндіжан үйезіне қарасты Қуғарта болысының екінші ауылы бағзы заманнан бермен карай меншіктеніп, күнiн көрiп отырған жеріне бұдан бiраз бұрын қаңғыбас қарашекпендер келді де ешкімнен рұқсат та сұрамай, келісiмiн де алмай жеркепелер салып алды. Жергiлiктi тұрғындар талай тартысып, талай төбелесiп ештеңе өндiре алмай ығысуға мәжбүр болған. Өкiмет соларды жақтады. Байырғылардың барар жерi, басар тауы қалмауға айналды. Шыдамы таусылып, терісiне сыймай келген Жұмақұл:

– Жер бiздiкi, кетiңдер! – деп ақырды.
– Қуада? Этого хочешь? – Күрескeннiң бiреуi мұрын тыржытып күлсiмсiреген болды да шыбыртқысын шарт еткiздi.

– Кет деген соң кетiңдер! – Жұмақұл бораздадағы өгiздердiң алдына шықты да қамшымен бастарын сабалады. Жазықсыз жануарлар сәйгел тигендей мөңкiдi. Боразда жайына қалды. Аты әрi–берi ағып өтiп, қара шекпендердiң арқасына қамшы ойнатып жүр. Олардың да алақаны қышып тұрғандай. Шыбыртқылар үйрiлiп, шарт–шұрт етедi. Аттың сауырын, адамның жонын тiлiп кетiп жатыр. Бұлар алыса алмай жүргенде поселкедегiлер де келiп жеттi. Қолдарындағы кезеулi жезайырларды көрiп жаны түршiккен Жұмақұл аттың басын бұрып та үлгермедi. Мылтық гүрс ете түстi. Жер үшiн жүлкысқан сабаз аттың жалын құшып төңесiлiп барып жерге топ ете қалды.

Қаны қарайған қара шекпендердiң соққысына тула бойы көк ала қойдай боп, аяғынан оқ тiлiп ауыр жараланған Бегәлi Әбдiкәрiмұлы есiнен танып жатыр. Қолдарына сойыл, шоқпарларын алып көмекке ұмтылған ауыл адамдары ауыздарынан түтiнi бұрқыраған жезайырларға қарсы шаба алмай шегiне бердi. Өкiмет адамдары қара шекпендер бiр қазақты өлтiрiп, ауыр жаралап тағы бiреуiн сулатып салғаннан кейiн ғана келдi. Қағаз–қаламдарын алып, протоколдап тастады.

Бұл қанды оқиға 1905 жылғы 29 наурызда болған едi. Ферғана облысының әскери губернаторы 15 сәуiрдегi рапортында: «Крестьяндар шегiнген екi қазақты атқылай бастады. Айбашев табанда өлiп кеттi. Әбдiкәрiмов аяғынан жараланды. Жараның ауырлығы соншалық, жаралыны Әндiжан ауруханасына жөнелтуге тура келдi» деп жазды.

Ауылдар мен қышқаларда жер, су жанжалы бұрын да болып тұратын. Бағзы заманнан бермен карай бiрге жасасып келе жатқан жерлес ағайындар әуелi қызыл кеңiрдек болып ұрсынып, сонсоң қамшы сiлтесiп, сойылдасып бiрiн–бiрi сiлейтiп салатын. Артынан ақсақалдар жиналатын да екi жақ кiнәласып алып келiсiмге келетiн. Сол қарулы айқас кезiнде сынған қол кеңeңiң iшiнде, жарылған бас берiк iшiнде, тiс ауыз i

КЕШІРІНДЕР... КЕЛГЕНІМДІ ӨМІРГЕ

1963 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Жамбыл ауылында туған. Т.Айбергенов атындағы сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Республикасы Жастар одағы сыйлығының және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. Абайдың 150 жылдық мерейтойына арналған мүшәйраның жүлдегері. Қазақстан мемлекеттік сыйлығының иегері. «Бір жұтым ауа, қызыл күн», «Жан», «Кешіріңдер келгенімді өмірге» атты жыр кітаптары жарық көрген.

СЕНІ КҮТҮ

Сені күту – балға бұрыш қосқандай,
Күлім қағып, күндіз Айды тосқандай...
Сені күту – жалынға мұз салғандай,
Қамшыменен осқандай.

Сені күту – бұлттың соқыр көзіндей,
Қуанғандай ештеңені сезінбей.
Сені күту – жоққа қолды созғандай,
Торғай қонған гүлдің сынған кезіндей.

Сені күту – суды құмға шашқандай,
Құбыжыққа есіңді ашқандай.
Сені күту – қарағандай айнаға,
Сосын тұра қашқандай.

Сені күту – мұздан шырақ жаққандай,
Жалтыраған тұздан алқа таққандай.
Сені күту – жылап тұрып оңаша,
Күннің дәмін татқандай.

Сені күту – бір ғажайып өмірдей,
Көк аспанда тұратұғын төгілмей.
Сені күту – көлеңкемен соғысу,
Ешқашан да жеңілмей.

Сені күту – адасқандай ішінде,
Не болмаса нан көргендей түсінде.
Сені күту – аппақ тасқа айналу
Күліп, әлде жылап тұрған пішінде.

Сені күту – күтулердің қызығы,
Тілектің де ең әдемі, түзігі.
Күтем сені қара көзім талдырып,
Дүниенің біткенінше қызылы!

Күтем сені. Көзім өткір, сөзім шын.
Мұндай бақтан қалай адам безінсін.
Күтем сені, жан тағынан тайғанша.
Өйткені, сен – өзімсің!



Кешіріңдер кең пейілді пішінде:
жүргенімді осы байтақ өңірде!
Кешіріңдер дәл осылай болғандығым үшін де,
келгенімді өмірге...

Кешіріңдер сүйгенімді өртеніп,
Күтіп желдің өкпегін.
Түкке тұрмас бір істерге тер төгіп,
өмірімнің өткенін...

Кешіріңдер жақсы көрсем бәріңді,
көргім келіп биіктен.
Содан кейін өртеп алып барымды,
Жер тырнасам күйіктен.

Кешіріңдер сенгенімді себепсіз,
жарқыраған бағымды.
Тозып біткен заттарыңдай, керексіз
лақтырылған шағымды.

Кешіріңдер құрметсіздің қулығын
дер кезінде ұқпасам.
Қырық тесік болса дағы сулығым,
қабағымды шытпасам.

Кешіріңдер түсінбесем біріңді,
көңілімнің қалғанын.
Кешіріңдер жүрегімді, жырымды
және олардың арманын...

Кешіріңдер өзгешелеу түсінік,
өңге айналмас түсімді.
Оңып кеткен көйлегімді – түсі ұмыт,
мағынасыз ісімді...

Кешіріңдер күткенімді үгіліп,
Кездерімді жаңылған.
Көз жасымды – шыға алмаған тығылып,
жүрегіме ағылған...

Кешіріңдер жасырылған жарамды –
ешқашан да таңбаған.
Кешіріңдер қолымдағы қаламды –
құмары бір қанбаған.

Кешіріңдер кітабымды бітетін –
айта алмастан бір шынын.
Кешіріңдер кереметтер күтетін
жүрегімнің дүрсілін...



Кешіріңдер осынау бір адамды –
жағдайы жоқ белсенер.
Кешіріңдер иен қалған жағамды
қолдарыңнан келсе егер...
Кешіріңдер жазылмаған сөзімді,
өзімді де әлі аман.
Кешіріңдер менің ғашық көзімді –
өздеріңе қараған...

Білмесем де өзіңе жат па азабым,
Ғашық болып ғажайып баққа жаным,
Ұлпа қарды кеудеме жиып алып,
Ұлпа қардай қағазға хат жазамын.

Хат жазамын,
Басқадай жоқ амалым,
Думанды да сол күні доғарамын.
Білсем болды тек сенің барлығыңды,
Сен жоғалсаң,
Мен дағы жоғаламын.

Білмесем де қара ма, ақ па жаның,
Жиып қойып тағдырдың бақ, тозағын.
Ұлпа қардай сұп-суық тұрағымда
Жүрегіме жылынып, хат жазамын.

Сағымға ердім сан қилы,
Ағын да көрдім нешеме.
Диуана-көңіл қаңғиды
Жапырақ кешіп көшеде...

Жапырақ жаным секілді
Жазынан күзге құлаған.
Айтылмас әнім секілді
Аллаға ғана ұнаған.

Жапырақ-көздің жасынан
Айрылмас, адал дос көрдім.
Өмірді қайта басынан
Бастасам, тағы өстермін.

Көңілді қалай аулармын,
Өткенді қалай өшірем.
Тұлғасы биік таулардың
Жаурадым көлеңкесінен.

Көрмедім оғаш оқ атып,
Ермедім есер сөзіне.
...Жүрегімді алдым жоғалтып –
Түспеді ме екен көзіңе...

Күн де бүгін көзің жұмды нұрланбай,
Мен де жұмдым, қараңғыдан құр қалмай.
Қар жамылған ағаштардың ішінен
Адамдарға күлкісі кеп тұрғандай.

Көрінбесен, оған жалғыз кінәлі –
Алматының түтіні мен тұманы...

Сол аяғың, сол жүрегің, сол басың,
Қараң-құраң көлеңкелер – жолдасың.
Қар жалаған қаңғыбас ит қынсылап,
Жағалайды қайыршының дорбасын.

Табылмасаң, оған жалғыз кінәлі –
Алматының түтіні мен тұманы.

Соның бәрі маған қатты ұнайды,
Соның бәрі сондай сұлу, шырайлы.
Айлы түнде айта алмаған сөздерім
Көше жақта күліп тұрып, жылайды.

Көре алмасаң, оған жалғыз кінәлі –
Алматының түтіні мен тұманы...

Есімде жоқ сол ғажайып ән аты,
Қара көздің салбырайды қанаты.
Амалсыздан ататұғын таңдардың
Сені күтіп, таусылмайды тағаты.

Сағынбасаң, оған жалғыз кінәлі –
Алматының түтіні мен тұманы...

Жүрегің түннің жастанып,
Қиялға батты қия алмай.
Басқа бір жарық басталып,
Жетелейді оны ұялмай.

Айтатын сөзің бар ма әлі –
Аяма,
Оған лақтыр!
Адасып қалған арманы
Аулада өксіп, жылап тұр.

Қарайды аспан ағарып,
Күйеді жел де жүгіріп.
Кірпігі жерге қадалып,
Қарайды күн де құбылып...

Көңілінің көзі бүр жарып,
Басына бақыт балалап.
Көрінбей жүрген бір жарық
Билейді бойын жағалап.

Күтеді оны түн құлша,
Тыныштық қалқып ісінде.
Оята көрме, тым құрса,
Бақытты болсын түсінде...

АРМАНҒА БЕРІЛІП ОТЫР ҒОЙ ЕСКІ МҰҢ

1993 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Отбасының сүт кенжесі, анасының көзайымы, ағаларының еліктей еркесі. Қазақ орта мектебін тәмамдаған соң, Алматы қаласына арман аркалап Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің ізденушісі атанады. Көптеген жыр мүшәйраларының белсендісі. Қаламы қарымды қаламгер, ел дамуына үлес қосар мықты азаматша болып қалыптасуды арман етеді. Қасиетті қара шаңырақ ҚазҰУ-дан қанаттанғалы отырған студент, жас маман.

АЛДАЙ САЛ

Тағы да қараңғы... тағы да, тағы мұң,
Түсініш, ұғыншы, шаршадым, қажыдым.
Телефон тұтқасын көтерген кезімде,
Сағындым сені деп алдай сал, жарығым.

Тағы да тым бұлдыр, тым күңгір кеш бүгін,
Арманға беріліп отыр ғой ескі мұң.
Көп емес, жиі емес sms жаза сал,
Өзіңді ұнатам, сүйіктім деп, күнім.

Тағы да тым суық, тым суық маңайда,
Жылынар дәрмен жоқ көңілге алайда.
Мен саған ғашықпын, дегенмен тағдыр деп,
Хат жазып бере сал, жарығым, жарай ма?

Тағы да өткен күн отқаны елестеп,
Ертеңім белгісіз тым биік белес тек.
Құрбыдан айта сал, сүйіктім, жарай ма,
Ғашықтар ешқашан бір болған емес деп.

Тағы да сағыныш, сарылыс тербеді,
Тағдырдың тартуы қаталдау сен бе еді.
Жүректе сақтаймын, мәңгілік деп, күнім,
Алдай сал, жарығым, алдай сал, сен мені.

МЕН ДЕ...

Сағым бейне, сағым арман ойым құшты,
Сенімімді сезім құртып, жойып, ұшты.
Кеудемдегі жүректі тіліп алып,
Көңілімді жұбатпай-ақ қойысызшы.

Сезім, құрғыр, жанталасып, құр сабылтып.
Аямаған адамды жүр сағынтып.
Көңілімді көлеңкелеп енді неге,
Келіп тұрсыз қиналғандай тұр танытып.

Тағыдыр, бәлкім, іліндіріп қармағына арам,
Енді тозып, төніп кеткен бар бағым алаң.
Көңілімді күрсінтіп, жұбатқан болып,
Анда-санда қоңырау да шалмаңыз маған.

Сағыныш пен үмітімді құлыптандырып,
Бойым барад сезім деген құрықтан құрып.
Сіз де мені ұнатқансып көрінгендей,
Мен де сізді жүрейін ұмытқан болып.

ҰМЫТАЛЫҚ

Қиялардан, қиялдардан жалғап жүрмін таңға түн,
Ұяңданған, жиі алданған, зарықтырған ән бағым.
Көңіл алаң, өмір жалаң сенсіз соны білгейсің,
Кіп-кішкентай жүректегі алып, асқақ арманым.

Көңіл-бұлбұл, төзім, құрғыр, шексіз, шетсіз кең дала,
Қолым жетпей, өмір де өтпей соған болам мен нала.



Жылатсаң да, жұбатсаң да, бейбақ жанға мен дейтін,
Тілегі де, жүрегіне жұбанышы сен ғана.
Не дей алам, кейде маған көрінесің тым жақын,
Жара жүдеп, қара түнек тұн, тыныштық мұңдасым.

Кешім керней, есіткендей болам кейде үніңді,

Шырғаламын, мұңды адаммын, кейде жыңды, кейде ақын.

Алыс қырдан, жарық нұрдан жаратылған шуағым,
Күрсінуді үмітімді жалғап жүрген құрағым.

Кейде жақын, кейде алыс, кейде тіпті, бейтаныс,
Тым жабығам, мен сағынам, мүлде бөтен сыңарым.

Көрінбейтін, білінбейтін еске салар жел сені,

Амалым жоқ, азабым көп, мейлі, күнім, қаласаң,

Мұңды шағып, ұмыталық, сен де мені, мен сені...

БҰРЫНҒЫ

Бір жүрген жақтар, бұрынғы бақтар,
Сынық сезімге сырынды ақтар.
Бұрын, қарағым, шұғылам сынды,
Жазып қоятын үзілді хаттар.

Бұрынғы қала, бұрынғы мекен,
Жылыта алмады көңілді бөтен.
Таныстығымыз тоқтаған тұста,
Сезімің әлде суынды ма екен?

Бұрынғы мұңым, бұрынғы көңіл,
Бір жүрген бұрын бұралаң өңір.
Өткен де кеткен барлығы бірақ...
Бұрынғы емес-ау меңдегі көңіл.

Бұрынғы жаңбыр, бұрынғы көктем,
Бұрынғы самал жүзінді өпкен.



Жүректі сонша шымшылап жүрген,
Бұрынғы сезім қатал ед неткен.

Бұрынғы қала, бұрынғы мекен,
Өзіңсіз бірақ аяңы бөтен.
Өткеннің бәрі оралды маған,
Елес боп қалған сен ғана, көкем...

БІРАҚ

Мұң-сырынды ішінде жасырма көп,
Көрінесің бірде бөтен, жақын да боп.
Өзіңменен кезікпесім заңды шығар,
Бірақ сені сағынбауға хақым да жоқ.

Ұмытылар барлығы да... бұл күн де елес,
Бейнең түгіл, қарағым, күлкің де елес.
Тілдеспесім өзімнен заңды шығар,
Бірақ сені ойламауым мүмкін емес.

Ақ бақытым, бір жолдарда кезікпеген,
Ұмытпасым заңдылық деп сезіктенем.
Өзгеге емес, жарығым, жүрегіме,
Тұрақтауға саған ғана ерік берем.

Күндер, құрғыр, қапылыста, кешім – алаң,

Өткенгіні аңсауменен есіме алам.
Сағынышқа толы күннің сыйы болып,
Сылтауларды ысырдағы... келші маған...

ӘЛІ ДЕ...

Арманым қарыштап, шықса да қиядан,
Өзіңді, сөзіңді есіме жиі алам.
Мұң көңіл жылынып, жадырап қалатын,
Көзіңнен, қарағым, әлі де ұялам.

Төзімім шектеліп, сағыныш тасыған,
Түнекті, жүректі, тілекті жасырам.
Көңілді мұң жұтып, жабықтым, жарығым,
Есіле өзіңе әлі де асығам.

Тарықтым, қамықтым, сағыныш толғай түн,
Әнімді, жанымды өзіңе жолдаймын.
Көңілім кептеліп, өзгерсін өмірім,
Мен сені, жарығым, әлі де ойлаймын.

Жасыма жуылып, атады бұла таң,
Тағдырдың ісі деп жүректі жұбатам.
Сырғып-ақ, жылжып-ақ өткенмен уақыт,
Қайтейін өзіңді әлі де ұнатам.

Сағыныш тарқатқан бұрымын өрді кеп,
Әлі де сезімім тұрады елжіреп.
Жұлып-ақ тастар ем ұмытып өзіңді,
Қайтейін кеудемде әлі де сол жүрек...

СЕН ШЫҒАРСЫҢ...

Сүрер ме едім жабырқау өмірді егес,
Жұбататын жүректі төзім де елес.
Көкейімді шымшылап, сен шығарсың,
Көңілімнен шықпайтын мөлдір елес.

Өмірімді сағыныш дейтін күз ғып,
Сабылдып өтуде күйкі тірлік.
Жанарыма ұялап, сен шығарсың,
Түн ұйқымды ұрлаған ұйқысыздық.

Тағдырымның тұманды маңымысың,
Жабырқаулы жалғанның сағымысың.
Мұңын шағып, үгіліп, сен шығарсың,
Кірпігімнен үзілген сағынышым.

СЕЗІМ

Сезімімді өлеңге сыйдырып,
Көңілімді терең құйдырып,
Сөз салғанмен маған кей жігіт,
Жүректерін қойдым күйдіріп,
Амалым бар ма Тәңірдің ісі,
Қойғызды жалғыз сізді сүйгізіп...

Енсеңіз түске жұбанып қалам,
Кеткендей уақыт ұзарып маған,
Көп емес кейде кезігіп қалсақ,
Көргенде сізді ұялып қалам.



Жырақта сізден өтпейді уақыт,
Өкініш кейде кетпейді жасып.
Есітсем сіздің дауысыңызды,
Ішіме сыймай кетеді бақыт.

Бермейді маза армандар шынар,
Қорқамын кейде жалғаннан шұбар.
Бұлқынып жүрек ойласам сізді,
Ғашық боп сізге қалғаннан шығар...

СҮЙМЕГЕН ҚЫЗДАРҒА ҚЫЗЫҒАМ

Бітпейтін көңілдің күзі бар,
Өткеннің сыздатқан сызы бар.
Бұр жарып көрмеген сезімі,
Сүймеген қыздарға қызығам...

Беймәлім, жабырқау күйдемің,
Қосылып қапалы күйге мұң.
Қыздардай ұнатып көрмеген,
Менің де келеді сүймегім.

Күндерім – тым күндес, кеш, құрбы,
Төзімім жабығып, ескірді.
Сүймеген қыздардай менің де,
Сағынғым келмейді ешкімді.

Тағдырым күмбірлеп, күлгірсіп,
Сен бе екен, беймәлім, мен қырсық.
Татті түс сыйлап ап өзгеге,
Оятып кетеді түн түрттіп.

Көңілге орнап ап қара күз,
Сезім де, жүрек те, қала сыз.
Сүйетін адамдар басқаша –
Ұйқысыз, мазасыз, шарасыз.

Түнменен сырласып, ұғынам,
Бейнеңнен аппақ ай жылынам.
Ғашық боп көрмеген әлі де,
Сүймеген қыздарға қызығам...

КІМ ЖАҒЫМПАЗ? ӘЙЕЛІ МЕ, ӨЗІ МЕ?

«Жас алаш» газетінің өткен жылғы №68 санынан «Халықаралық дәрежедегі» жағымпаздық жеген мақаланы оқып жағамды ұстадым. Онда белгілі композитор Шәміл Әбілтайдың әйелі дизайнер Өріккүл Әбілбекованың Путинге арнап керемет ән шығарғаны туралы жазылған екен. Әйел еркекке арнап ән шығарғасын жүрекпен тебіренбей, тәнті болмай, ғашық болмай әдемі ән шықпайтыны белгілі. Иә, тебіренген, тәнті болған, ғашық болған... Әйтпесе дизайнер әйел бір күнде әрі ақын, әрі композитор болып шыға келер ме еді. Әннің сөзіне қараңыз. «Беу, Мәскеу, Мәскеу қаласы, Айдай туған данасы, Елі үшін ерлеген, Владимир баласы»...

Мына өлеңді жазған адамды ақын емес деп кім айта алады. Ал әннің керемет екеніне Шәмілдің өзі таңданған. Бұл ән Өріккүлді халықаралық дәрежеге көтермегенде қайтеді. Орыс тіліне аударылған. Керемет әнші Талғат Күзембаев орындап дискіге жазып, Путинге салып жіберген. Олар алған. Разы болған. Шәмілдің айтуынша бұл ән Нүрекеңе де ұнаған. Бұл жағымпаздық па? Жағымпаздық болғанда қандай! Халықаралық дәрежедегі жағымпаздық. Жағымпаз болмаса Шәміл неге Атынбекке, Заманбекке, Мұхтар Шахановқа арнап ән, күй шығармайды? Шығармайды, үйткені бұлардан түк пайда жоқ.

Енді Шәміл туралы білетінімді айтып алайын. Бұл жігіт тоқсаныншы жылдары оппозицияда жүрді. Оппозициялық газеттерге мақалалар жазды. «Мұнайдың ақшасы қайда кетіп жатыр. Кім жеп жатыр? Мен қазақ мұнайының жоқшысымын. Бұл мәселені халықаралық дәрежеге дейін көтеріп анықтамай қоймаймын» деп жүрді. Ырза болдық. Азамат екен дедік. Атырау жағының тумасы болса керек. Қазақтың бар байлығы талан-таражға түсіп жатқанда жалынды жігіт қалай үнсіз отыра алады дегенбіз. Назарбаевтың атына да біраз сын айтып тастады.

Содан «үш әріп» бұның соңына түсіп алды. Әнші, күйші, композитор ретінде мұны теледидардан аластады. Жүрген, тұрғанын аңдыды. Бір күні Шәміл: «Мен өзім өз болайын, енді менің дизайнер әйелімнің ізін аңдып жүргізбейтін болды» деп налыды. Оппозициялық газеттер оның әйелінен де сұқбат алып үлгерді. Сол кезде Өріккүл де бүгінгі қоғамға ырза емес пікірлер айтып еді. Адам өзгергіш келеді. Жағымпаздар жапырлап құлайды. Иә, бір күні Шәміл оң жамбасынан тұрып теледидарға келді «Мен Назарбаевты қолдаймын. Ол- данышпан. Президент туралы ән шығардым, күй шығардым, міне» дегені. Теледидар қабыл алды. Кейін президентпен кездесу ұйымдастырылып «Азаттық асуы» әнін, шырқап, «Қазақстан – Нұрсұлтан» күйін шертті. Содан Шәмілдің тасы өрге домалады. «Үш әріп» «нанын» басқа жерден іздеуге кетті...

Дәніккен қарсақ құлағымен тін қазбай ма. Шәміл енді Путинге жағынуды ойластырды. Әйеліне ән шығарып беріп, екеуі бірдей әлемге әйгілі болғысы келді.Енді міне бұлар әлемге әйгілі. Өзіне бір орыс ән шығармаған Путин ән шығарған Өріккүл мен Шәмілге көңіл аудармай ма. Алдына шақырмай ма. Сыйлық бермей ме. Сосын жағымпаздар жайраңдап жүрмей ме.

Бұлар мақтайтын Путин кім? Ол қазаққа қандай жақсылық жасады? Ол бейбітшіл адам ба? Керемет қоғамдық қайраткер ме? Өз халқы жақсы көріп отыр ма? Оппозиция өкілі Немцовты атып өлтірген кім? Орыс зиялылары неге шетелге ағылып кетіп жатыр?

Осы сұрақтарға жауап беру үшін Путинмен бірге оқыған КГБ-ның Бірінші



барлау басқармасының Андропов атындағы Сыртқы барлау институтының түлегі Юрий Швецтің сөзіне құлақ түрелік. «Общественная позиция газеті №28. 2015 жыл».

«Біздің оқуымыз Сыртқы барлау институты болғандықтан бітірушілердің 99 пайызы шетелге шпион болып кетуге тиіс. Мен Совет Одағы Телеграф Агенттігінің «тілшісі» ретінде Америка құрама Штатына шпион болып бардым. Путин шпиондыққа жарамады. «Из-за способностей ниже среднего». Ол қорқақ еді. Тіктеп қарасаң оның бетіне «мен шпионмын» деген сөз шыға келетін. Комиссия Путинді аударып, төңкеріп рентгеннен де күшті аппараттармен тексерді. Бірақ оның бойынан қабілет таба алмады. Сондықтан оны іште, Ленинградта қалдырды. Ол студенттердің професорлар туралы, професорлардың ректорлар туралы анекдоттарын жинастырып жүрді.

Кейін Берлинде «ГДР- СССР» достық үйінің директоры болды. Шығыс Германия дос ел болғандықтан мұнда барлау жұмысы болған жоқ. Путиннің негізгі шаруасы Мәскеуден келген құрметті қонақтарға қызмет ету болатын.

Студент кезімізде біз оны «оқурок» дейтінбіз. Бойы бір қарыс ол бізге бір нәрсе емес, бір нәрсенің қалдығы сияқты болып көрінетін. Сондықтан ол «оқурок» атанды. Сонда ол қалай президент болды дейсіздер ғой. Юрий Швец бұл арада Путинді президент болуға көмектескен Борис Березовскийдің сөзін келтіреді. «Егер маған бір телеарнаның билігін берсе мен мына төртаяқты стулды Ресейге президент ете аламын» деген екен Березовский. Ельцин Путинге бүкіл телеарнаның билігін берді, ол президент болды дейді Юрий Швец.

Режиссер Кончаловскийдің сөзіне қараңыз. «Путин ақылды адам болмай шықты. Ресейден жері көп ел жоқ. Бұған тағы жер керек екен. Совет одағын қалпына келтіргісі келеді. Тіпті өнбейтін іс. Орыс халқының нашар тұратынын, арақ пен есірткіден азып бара жатқанын, орыс әйелінің бала тұмайтынын, Сібірдің игерусіз жатқанын, Шығыста қатпал бара жатқанын көрмейді»... Басты мақсаты – оппозициямен күрес... Немцовтың

қызы Жанна Немцова «Менің әкемді Путин өлтірді» деп ашық айтып жүр. Неге өлтірмесін, Немцов «Путин, Соғыс» деген мақаласын баспасөзге дайындап жатқан-ды.

Путин соғысқұмар адам. Ресейдің күшіне сенеді. Грузиядан әуелі Абхазияны, кейін Оңтүстік Осетияны тартып алды. Молдавияға Приднестровия арқылы бүлік салды.

1994 жылы Украина, Қазақстан, Белорусь республикасы атом қаруын Ресейге қайтарып бергені үшін Ресей бұл республикалардың территориялық тұтастығын қорғауға әлем елдері Америка, Англия, Франция, Германиямен бірігіп Будапешт шартына қол қойған еді. Бұл елдерді қорғаудың орнына Ресей сол шартты бұзды да Украинадан Қырымды тартып алды.

Америка Құрама штаты мен Еуропа елдері Ресейге санкция салды. Ресей экономикасы қирап қалды. Путин әлем елдері алдында соғысқұмар адам ретінде қарабет болып отыр...

Егер Америка құрама штаты мен Еуропа елдері қарсыласпаса әдекашан Қазақстанда Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан «демократиялық» орыс республикалары орнап тұрар еді.

Неге? Біздің президент Путинмен дос емес пе дерсіздер. Империялистік Ресей ешуақытта ешкіммен дос болған емес. Соғыстан кейін Шығыс Германиямен дос еді ғой. 1950жылы Берлин көшесінде митингіге шыққан немістерді танкінің табанымен таптады. 1955 жылы дос Польшаның Варшава, Познань қалаларында көшеге шыққан жұмысшыларға пулеметтен оқ септі. 1956 жылы дос Венгрияға басып кіріп басшысы Имре Натты атып өлтіріп құдыққа көмді. 1968 жылы дос Чехословакияны талқандап басшысы Дубчекті Мәскеудің Бутырка түрмесіне қамады.1979 жылы коммунист Хафизолла Әмин басқаратын дос Ауғанстанға бір түнде басып кіріп Хафизолланы қақ маңдайдан атты. Сыралғы қазақ атаң «қорыстан жолдасың болса айбалтаң жаныңда жүрсін» деп бекер айтпаған. Демек Ресеймен алыстан сыласқан жақсы. Бауырына кіре берсең бауырлатып тастайды.

Кешіріңіз, ағайын! Тақырыбыма қайтып келейін. Өріккүл қызымыз Путиннің қай қылығына тәнті болған дейсіздер ғой. Өзіңнің айтуынша Украинадан Қырымды тартып алғаннан кейін Украинаны әрі қарай басып алмай отырған «әдептілігіне» қызыққан. «Бұл бейбітшілік туралы ән» дейді Өріккүл. Біреудің жерін тартып алып отырған адам қалай бейбітшілік тірегі болады. Бұл өтірік өлең, өтірік ән емес пе?

Өріккүлдің «Жас алаш» газетіне шыққан бір шумақ өлеңін талдап көрейікші. «Беу, Мәскеу, Мәскеу қаласы». Өзі Алматыда тұрса да Өріккүл Мәскеу қаласына ғашық. Ынтығып тұр. «Айдай туған данасы», Қалай дана, дәлелі қане? Дәлелі жоқ сөзді қазақ «қысыр сөз» дейді. «Елі үшін ерлеген». Қалай ерлеген? Күшті жау Украинадан елін қорғап қалған ба? Тағы бос сөз. «Владимир баласы». Бұл енді шын сөз. Путинді Владимир баласы демеі, кім Андрейдің баласы деп еді.

Қазір Ресей, әскері аяғынан тік тұр. Күнде қырғын жаттығу. Жау іздейді. Белгісіз жаумен соғыспақ. Ал біздің Өріккүл Путин бейбітшіл адам деп дес бермей тұр.

Өнер адамының әр ісі тарихта қалады. Артында ұрпақ тұр. Ұрпақ алдында ұятқа қалмауды бүгіннен ойлау керек, Шәміл, Өріккүл! Бүгін жағынаарсың, ертең өкніресің.

Сонымен жағымпаз кім? Әйелі ме, өзі ме? Екеуі екеуі егіз қозыдай ұқсас. Бірінен бірі өткен жағымпаз екен.

Төрежан МӘНДІБАЙ,
жазушы
Ақтөбе қаласы



Адам баласы қатты ұйқыға кеткенде түс көреді. Төсектен біреу қуанып оянады, біреу шошып оянады. Түсті кез келген адамға жорытуға да болмайды. Желтоқсан айының 31- ші жұлдызы күні түнде көрген түстеріңді маған айтсаңдар былай дер едім:

Араққа әбден салынған алқаш түсінде ақырып жатқан есекті көрсе, көп ұзамай арақпен біржола қоштасады...

Түсінде тыр-жалаңаш, жалаң бұт шауып жүрсең, жуық арада үйіңе ұры түседі, сақтан...

Түсінде балмұздақ жалап жүрсең, тіліңе шиқан шығады. Қасық жалап жүрсең банкротқа отырасың...

Санасыз адамның түсіне газет-журнал, кітап жиі-жиі кіретін болса, ол қартайған шағында данышпан, жазушы болады. Ай сайын ағайын-туысы туралы кітап шығарады...

Түсінде Ресей әнші Борис Мойсеев ән шырқап жүрсе шошып оянасың, ал, Роза Рымбаева ән салып жүрсе, қуанып оянасың...

Түсінде отызға келіп босағада отырып қалған қызды қара бұқа тырқыратып қуса, бір айдан кейін, тұрмысқа шығады...

Жемқор түсінде бір қапшық ақша тауып алса, өңінде түрмеге отырады... Еңбек ақыңды тек түсінде ғана алып жүрсең, алдында жұмыстан қысқарып кету қауіпі күтіп тұр...

Егер, таң алдында түсіңе Арнольд Шварцнегр, Брюс Ли, Джеки Чан, Владимир Жириновский кірсе, ертең біреумен жекпе-жекке шығасың, жағаң жырылып, тұмсығың бузылады...

Әйел адамның түсіне «Аттан, аттан» деп айқайлап жүрген Амантай Қажы кірсе, үш айдан кейін, әлгі әйел көрпе - төсегін буып, төркініне біржола аттанады...

Түсінде әйелің әтешті шақырып жүрсе күдіктен – көңілдесі бар болуы мүмкін, ал, түсінде күйеуің тауыққа жем шашып жүрсе қыз-келіншектерге үйір бола бастағаны, тезірек шара қолдану керек...

Түсіңе АҚШ президенті Б.Обама кірсе, көп ұзамай үйінде ұрыс-керіс, айқай-шу, дау-дамай болады. Ал, түсіңізге Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев кірсе, от басында береке, ынтымақ, қуанышты мереке болады...

Түске Облыс әкімі кірсе, қызметің өседі, ал аудан әкімдері кірсе, қызметің төмендейді...

Ал, таң алдында түсіңізде мені көрсеңіздер, қорықпаңыздар, ештеңе болмайды, тек екі езулеріңіз екі жаққа керіліп, құлкіге қарық боласыз...

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН,
Мәдениет қайраткері



Сатираның сарбаздары Мұхтар Шерім мен Төрежан Мәндібай

Қазіргі сатира

БІЗ ҚАШАН ТОНАЛАМЫЗ?

Бес қабатты зәулім үй. Терезеден күн сәулесі тұр —тура төсекте аунап жатқан ауданның алдыңғы қатарындағы кәсіпкер Бекертуғанның сүйіп қосылған әйелі Қамысгүлдің май бөксесіне түсіп тұр. Қамысгүл Антальяда теңіз жағасында қыздырынып жатқандай шалқасынан жатыр. Жаман түс көрді ме, әйтеуір бүгін шошып ояндаы.

-Зоя, Зоя... деп, айқайлады...

Бұл бес қабатты,отыз екі бөлмелі үйде тек өзі, күйеуі және үй күтушісі Зоя тұрады. Жалғыз ұлы бар еді. Оны шет елге оқуға жіберді. Ата-енесін қаланың ауасы лас деп, ауылға апарып тастады. Кейбір бөлмесіне адамның аяқ баспағанына бес жыл болды.

Үйді елес жайлағандай кейде қорқыныш туғызады. Бекертуған таң атпай офисіне кеткен болатын.

-Ас үйде шәй дайын тұр, жүріңіз-деді Зоя.

Екеуі шәй ішіп отыр. Үнсіздік. Қамысгүл қара икраны майға араластырып қою қара шәйді жұтып отыр. Қолына абайсызда байқамай газетті ұстап алды. Бадырақ әдемі көздері амалсыздан газеттің бетіндегі мақалаға түсті.

«Кеше бір үй тоналды. Алтын-күміс бұйымдары қолды болы». «Темір жолдың арғы бетінде тіс салушы дәрігердің үйіне ұры түсті».

«Екі зейнеткерді тонап кетіпті»...Қамысгүлдің қабағы түйіліп кетті. Дереве теледидарды қосты. «Қайырлы таң құрметті көрермендер, бүгін түнде қаламызда көптеген үйлерге ұры түсті. Аудандық Ішкі істер бөлімінің мәліметіне жүгінсек, ауданда ұрылық жасау күрт өсіпті. Қазіргі таңда жүзге жуық үйге ұры түсті. Оның қатарында аудан әкімі мен прокурордың үйі де бар»...

Мына сөзді естіген Қамысгүл қызғаныштан жынданып кете жаздады. Ұялы телефонын алып Бекертуғанға қоңырау соқты.

-Сен қайдасың, үйге тез келші...

-Жәй ма? Бір жерің ауырып қалды ма?

-Бол тез жет...

Бекертуған шошып кетті. Қамысгүлдің кейде ұстап қалатын талмасы бар еді. Машинамен үлгере алмайтынын сезіп, ол ұшаққа мініп жылдам ұшып келді.

-Қалайсың, жаным, не болып қалды?

-Біз қашан тоналамыз?- деді де, Қамысгүлдің тілі күрмеліп талып қалды. Үстіне бір шелек мұздай су құйып әрең есін жыйдырды.

-Түсінсем бұйырмасын, не айтып тұрсың?- деп сасқалақтады Бекертуған. -Жұрттың үйіне ұры түсіп, тым-жақсы тоналып жатыр. Бізді ұрылар қашан тонайды?- деп бақырып жіберді...Бекертуған бір түрлі болды.

-Не мелшиіп тұрсың? Мына біздер, күнде-күнде тоналып жатқандардан қай жеріміз кем? Бізде ақша жоқ па? Доллар жоқ па? Алтын жоқ па?

-Шүкір, бар ғой бәрі....

-Ендеше неге тонамайды?...

Қамысгүл бәсекеден іші күйіп барады. Ертең бір отырмақта тоналғандардың қатындары мақтанып, «біздің үйден анау ұрланды, мынау

Әзіл-шыны аралас

Тұрмысы онша жаман емес қарапайым бір қазақстандық таңертең ұйқыдан тұрып Швейцарияда шыққан сағатына бір қарап алды да тіс ысқышына Америкада жасалған тіс пастасын жағып жіберіп тісін ысып алды. Сосын неміс ұстарасымен сақалын қырып болып, түрік сабынымен беті-қолын жуып шықты да сақал-мұрты алынған бетіне испан гелін жақсылап тұрып жағып шықты. Одан ас үйге кіріп, Ресейде жасалған шайнегіне су қайнатып, Бразилиядан әкелінген кофеге украин қаймағын қосып ішіп, португал бешпет-шалбарын, корей шұлығын, Италияда тігілген кебісін (туфлин) киіп, Франциядан келген әтірін сеуіп, Тайванда жасалған есігін екі ағылшын құлпымен кілттеді де, неміс көлігіне (автомобиліне) отырды. Сосын жапон радиоқабылдағышын ашып, шотланд әнін беріп жатқан «Еуропа» радиостанциясына қосты да Қазақстанның ойлы-қырлы жолдарымен селкілдеп, орысша боқтап-боқтап келді де «Бургерханадан» екі бургер, бір «Кока-кола» алып кеңсесінің (офисіне) жанына келгенде көлігін Австрияда жасалған дабылдағышы (сигнализациясы) және Канадада жасалған бейнебақылау жүйесі бар аялдамаға (паркингіге) апарып қойды. Одан Финляндияда жасалған ұшапамен (лифтімен) жоғары көтеріліп «Мерчендайзинг бөлімі» деген тақтайшға қағылған ісханасына (кабинетіне) кіріп, танысына GSM арқылы «Айфонмен» қоңырау шалып болғанын Windows америкалық жүйесі бар Sony компьютерін қосты. Одан Интернетке кіріп, Америка әлеуметтік желісіндегі веб-ардесті ағылшын

әріптерімен енгізді де өзінің «Аккаунт»-ына кіріп, блогқа «Мен Қазақстанымды керемет сүйемін» деп орысша жазып қойды.

Ал мен осының бәрін қытай қаламымен жазып шықтым да, қатты шаршағаным сондай Қырғызстанда тігілген көйлек-дамабылмен Беларусь төсегіне қойып кеп кеттім.

Иә, «заманына қарай дамбалы» деген үлкен ағамыз осыны айтқан шығар. Сөйтіп, көзім ілініп, ұйқыға кетіп бара жатып: «Алға, Қазақстан!»—деп күбірледім-ау деймін.

Мырзан КЕНЖЕБАЙ,
ақын

Ақпараттық қоғамда өмір сүрудегі өзіндік тәжірибемізді бірігіп жинай отырамыз. Біздің мақалаларымыз өзіндік тәжірибемізді бірігіп жинай отырамыз. Біздің мақалаларымыз өзіндік тәжірибемізді бірігіп жинай отырамыз.

Ақпараттық қоғамда өмір сүрудегі өзіндік тәжірибемізді бірігіп жинай отырамыз. Біздің мақалаларымыз өзіндік тәжірибемізді бірігіп жинай отырамыз. Біздің мақалаларымыз өзіндік тәжірибемізді бірігіп жинай отырамыз.

Ақпараттық қоғамда өмір сүрудегі өзіндік тәжірибемізді бірігіп жинай отырамыз. Біздің мақалаларымыз өзіндік тәжірибемізді бірігіп жинай отырамыз. Біздің мақалаларымыз өзіндік тәжірибемізді бірігіп жинай отырамыз.

Жалғасы. Басы өткен санда

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Ұрқия: - Ал мал жайғап болсаңдар, тамаққа келіңдер. Соғымнан қалған сүрді жазға жеткізіп, міне соңғысын асып беріп отырымн. Енді қозы марқа болып, тоқты семіретін күзге дейін етті түстеріңде ғана көресіңдер. Ауыз аққа тиді деген осы ғой, айран мен шұбат, құрт-ірімшік етті жоқтатпайды жарықтық.

«ТІЛЕП-САРЫҚЫЗ»

(Бақсының махаббаты)

Трагедия

(*Дастарқан басына жиналады*).

Сарықыз: - Ана, қыр деген биыл керемет құлпырып кетіпті. Тобылғы сайдың шөбі тізеден келеді. Бейне бір жасыл кілем, көк кілемдерді төсеп тастаған сияқты. Мана мал қайырып жүріп, Тілеп екеуіміз сол көк кілемдердің үстінде асыр салып ойнап, әбден мәз болдық. Шөптерге оранып жатып ұйықтағым келіп кетеді менің.

Ұрқия: - Тек, айпта ондай сөзді. Сен қыздан ол да шығады. Далада жатып ұйықтауға болмайды. Пері соғып кетеді не көтеріп кетеді дейді. Әкеңнің емдеп жазып алып жүргендері сондай адамдар екенін білмейсің бе. Онсыз да сені «пері қызы» деп жүрген елдің өсегі жетеді бізге.

Сарықыз: - Көтеріп кетсе, әкем жын сайгүліктерін мініп, мені тез тауып алып келеді.

Ұрқия: - Қайдағыны айтпай, қой дедім ғой мен саған. Неге тыңдамайсың, ә. Сосын сен енді бұдан былай шешендей беруді қой. Тілеп екеуің алысып-жұлысып ойнап жатасыңдар. Балалықты тастайтын кездерің келді. Бірің бозбала, бірің бойжеткен, жастарыңа мінездерің сай болу керек. Ауылдың сөзі мен өсегін көбейтпей жүр. Естіп отырсың ба?

Сарықыз: - Иә, естіп отырымн, апа. Бұдан былай ақылыңды алып, сабырлы бойжеткен болуға уәде беремін.

Тілеп: - Ата, мана түстегі әңгіме аяқталмай қалып еді ғой. Соның жалғасын тыңдайық. Ол да маған сабақ қой.

Қойлыбай: - Қай жерге келіп тоқтап едік?

Тілеп: - Жындардың ішіндегі дәу, дию, дүлей секілді алыптарының жекпе-жек шайқастары туралы айта бастағансыз.

Қойлыбай: - Ия, шырағым, мына ғаламда екі әлем бар. Бірі – адамзат әлемі, екіншісі – жын-перілер әлемі. Екеуі де өздерінше, өз заңдары бойынша өмір сүріп жатады. Біздің жын-шайтандарда еш жұмысымыз жоқ, оларға еш зиян да келтіре алмаймыз. Бірақ олар адамдар өміріне араласып, бейжүнә пенделерді азғырып, күнәкәр етіп, жамандық жасауын қоймайды.

Сарықыз: - Әке, шын-шайтандар адамдарға неге өш? Біз олардың несін алыпмыз?

Қойлыбай: - Жұрттың бәрінің түсінбейтіні осы. Барша періштелер мен жын-перілер заманақырға дейін өлмейтін боп, адамзаттан бұрын жаратылған. Алла адамды топырақтан жаратып: «Бұлар менің сүйікті пендем, бұдан былай бәрің адамға қызмет етесіңдер, кәне, алдына келіп тағзым жасаңдар», — деп бұйрық бергенде, жындар әлемінің басшысы Ібіліс Алланың бұйрығына бағынбай, адамға тағзым жасаудан бас тартады.

Тілеп: - Неге? Не себепті Аллаға бағынбай бас тартқан?

Қойлыбай: - Қызғаныштан. Ібіліс тәкәппарсып: «Мен оттан жаратылған асыл тектімін, жай топырақтан жаратылған қарапайым пендеге неге бас июім керек, тағзым етпеймін», — деп Құдайға қарсы шыққан. Сол үшін Алла оны қатаң жазалап тозаққа бұйырған. Бірақ, өзек өртейтін өкінішті жай: Алла Ібілістің соңғы бір тілегін орындап, адамдарды азғыруға рұқсат берген. Адамдар өміріндегі барша жамандықтар содан басталған. Неге рұқсат берді екен деп налисың, «Алла ісіне амал жоқ» деген сол.

Тілеп: – Әй, әттеген-ай! Шынында, Алла өзі жаңа ғана жаратқан адамдарды күні ертең-ақ жын-шайтандардың азғырып, бұза бастауына неге ғана ерік берді екен, ә?! Жұмақтың алма бағында рахат өмір сүріп жатқан Адам атамыз бен Хауа анамызды да шайтан азғырып, сол пейіштен қулуына себеп болады ғой.

Қойлыбай: - Кейін Адам атаның екі ұлының бірі Қабыл қызғаныштан бірге туған бауыры Әбілді өлтіріп, зор күнәға батады. Ол да шайтанның әрекеті. Періштелер нұрдан жаратылса, шайтандар оттан жаратылған. Олар адамдардың арасына от салып, бір-бірін өшіктіріп, қызғаныштарын қоздырып, қастандық жасаумен болады, содан пенделер күнәға батумен болады.

Тілеп: - Сонда шайтандардың алдында байғұс адамдар мүлдем дәрменсіз халде қалып отырымыз ғой. Күнә жасап күнәкәр болғандарды ақырда Алла тозаққа тастайды. Ал Ібілістің ұрпағы жын-шайтандарға адамдарды азғыруға, бұзуға Алланың өзі рұқсат беріп қойған. Сонда күнә жасаған байғұс адамның жазығы не? Енді адам қалай өмір сүруі керек?

Қойлыбай: - Балам, ауыр сұрақ қойып отырсың. Бұған талай ғұламалар басын қатырған. Бірақ, жауабы жоқ емес, бар. Бірінші адамдарды азғыруға шайтанға неге рұқсат берген дегенге келсек, «ақырғы тілек орындалу керек» деген Алланың қағидасы. Оны Алланың өзі де бұза алмайды екен. Екіншіден, Алла адамдардың жүрегіне шайтандардың азғыруына қарсы тұратын қорғаныш – иман, шариғат заңдарын енгізген. Соны насихаттайтын пайғамбарлар жіберген, діни кітаптар түсірген. Ақырғы пайғамбарымыз – Мұхаммед, кітабымыз – Құран. Шариғат жолымен адал жүріп, анық бассақ, шайтан адамға ештеңе істеп алмайды.

Тілеп: - Бірақ сол шариғат жолынан қыл елі таймай үнемі түп-түзу жүру де адамға оңай емес-ау, ұстаз ата.

Қойлыбай: - Дұрыс айтасын. Жас та болсақ, болашақта бас болатын адамның толғанарлық, ойланарлық сөзін айтып отырсың. Өмір сүру оңай емес. Адам өмірі күреспен өтеді. Сол күрестің екі түрі бар. Бірінші, өмір сүру үшін тамақ табу нүрек. Тамақ табу үшін тынымсыз еңбек етесің: мал бағасың, егін егесің. Мұны қарын қамы деп атайды. Екінші күрес туралы бір данышпан былай депті: «Өзгелер ішіп-жеу үшін өмір сүрсе, мен өмір сүру үшін ішіп жеймін». Ал енді, шырағым, сен осы сөздердің шын мағынасын ашып берші.

(Тілеп төмен қарап ойланып отырып қалады. Сәлден соң басын көтеріп жауап береді).

Тілеп: – Мұны айтқан адам данышпан десе, шын данышпан кісі екен. Құр ас ішіп, аяқ босату хайуани тірлікке жатса керек. Онда малдан онша айырмашылығымыз болмайды деп білем. Әкем мені алыс ауылдағы сізге неге ертіп жіберді? Үйкүшік болмай, өмір көрсін, өнер үйренсін, имани білім алсын, сізден оқып, оқығанын көңілге тоқып жақсы адам болсын деп жіберді.

Жақсы азамат болса, ертең өзі үшін ғана тірлік етпей, ел-жұртқа пайдасы тиеді деп жіберді. Жоғарыдағы сөздің мағынасы осы болса керек.

Қойлыбай: - Жарайсың, балам, жарайсың. Өте тауып айттың. Жауабыңа ризамын. Міне, бұл өмір үшін күрестің екінші түрі – яғни жақсы адам болып, мағыналы өмір сүру үшін күрес. Бұл күрес те тамақ табу күресінен кем емес, қиын күрес. Оны біздің қазақ «оқу – інемен құдық қазғандай» деп түйіндеген.

Білімді адамды, яғни бойына ар-иман ұялаған адамды шайтан азғырып, түзу жолдан тайдыра алмайды, бұрыс жолға бұра алмайды. Құран – сол имани түзу жолдың оқуы.

Тілеп: - Ата, рахмет, мәнді-мағыналы насихат айттыңыз. Мен үшін бұл үлкен сабақ. Ұғынықты шәкіртігіз болып, бәрін көкейіме қондырып алуға тырысып жүрмін.

Сарықыз: - Әке, дәу жындардың шайқасын айта бастағанда әңгіме бөлініп кете берді ғой. Бұл енді ертегі емес, рас әңгіме, болған оқиға емес пе?

Қойлыбай: - Иә, рас. Бұл жолғы айқасқан жындарым менімен ұзақ арпалысты. Қаншамасын сабалақ етіп мәңгіртіп жібердім. Ақыры ол жақтан ең мықтысы – нар түйедей Дәуі қалды. Мен жақтан Дүлейім шықты

жекпе-жекке... Ал жынданған адамның түрінен жан шошырлық. Аяқ-қолы байлаулы, екі иығынан төрт адам басып отырса да жын қысқанда орнынан ақырып атып тұрады. Тісін ақситып қарш-қарш қайрап айбат шегеді, бұра секілді аузынан көбік атады.

Сәскеде басталған айқас ұзаққа созылып, күн бесіннен ауды. Мұндайда қаһарланып, қобызды барынша бар даусымен сарнатып, күйден дауыл тұрғызып, қасқыр ұлытып, арыстан ақыртып, айғырдай азынатып жанталаса тартасың. Дәу мен Дүлей кезек жығысып айқасуда. Мен әруақ

шақырып: «А, Құдай қолыма қуат бер» деп қайратыма қайта мініп, айқайға басып, қобызды күңіrentіп жібердім. Дүлей де күшейіп, Дәуді көтеріп алып жерге бар күшімен ыңқ еткізіп қатты соқты. Дәу қабырғасы қақырай сынып, орнынан кирелеңдей зорға тұрып, ауруды тастай қашты. Мен де әбден әлсіреп құлап түстім. Есімді зорға жидым. Аурудың да есі кіріп, рахаттана ұйықтап кетіпті. Содан құлан-таза жазылып кетті ғой.

Ұрқия: - Отағасы-ау, қорқынышты әңгімеңді балаларға жатарда айтқаның не? Күндіз айтпадың ба. Төсек салып қойдым, енді жатыңдар.

Сарықыз: - Апа-ау, біз бала ма екенбіз, мана бірің бозбала, бірің бойжеткен демедің бе. Әкеміз қандай батыр, ә! Қаншама жын ұрған адамдардың жынын қағып жазып жіберіп жүр. Әйтпесе өліп қалар еді ғой. Бұл ерлік емес пе! Әке, мен өзіңді мақтан етемін (Әкесіне еркелеп, мойнына асылып бетінен сүйеді. Әкесі де қызын құшақтап, «ақ қозым,ботақаным» деп аймалайды).

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

(Қойлыбай алысырақтағы бір ауылға ауырған адамды емдеуге барғанда Тілепті үйрене берсін деп ертіп кетеді. Ол сапардан бір аптадан соң оралады. Сарықыз екеуі қырда мал жайып жүріп әңгімелеседі. Оңашада екеуі сағынысып құшақтай көріседі).

Сарықыз: - Тілеп, әкем екеуің сапарда болған бір апта маған бір жылдай көрінді. Сен жоқ болған күндері сені қалай сағынғанымды айтып жеткізе



алмаймын. Үй қаңырап, қыр құлазып, мына дала бос қалғандай көрінді маған. Еңіреп жылап алдым. Сен де сағындың ба мені?

Тілеп: - Мен сенен де қатты сағынған шығармын. Бұл күнге дейін еке-шешемді ғана сағындым. Қызға деген сағынышты алғаш бастан кешіп отырымн. Өткенде «маған деген сезімің оянған жоқ па» деп сұраған едің. Сол сезімді сағыныш оятты. Күндіз есімнен, түнде түсімнен шықпай қойдың, күнім. Сенің әр сөзіңді, әр тәтті қылықтарыңды еске алып ойлаумен болдым.

Сарықыз: - Сенем, сенем, жаным. Мені сонша сағынсаң, мен бақытты екенмін. Бұл сезімнің сағыныштан басқа атауы жоқ па? Менен екі жас үлкендігің, оқыған-тоқығаның бар. Мен айта алмай тұрмын, сен айтшы. (Назданып еркелей мойнына асылдады).

Тілеп: - Соны айтуға біз әлі жас шығармыз деген оймен менің де аузым бармай тұр. Ертегі-әңгіме, хикаяларда жігіт қызға ғашық болды деп жатады. Сонда біз екеуіміз бір-бірімізге ғашық болып қалғанымыз ба? Сен не ойлайсың?

Сарықыз: - Ғашықтық жасқа қарамайтын болар дегеннен басқа не дермін. Өзім туралы айтсам, мен сені өте жақсы көремін. Сенсіз өмірді елестете алмаймын. Ендеше ғашық болған деген осы шығар. Ұзамай сенің шалғайдағы ауылыңа кетіп қалатының, айрылатынымыз екеуіміз ашып айтуға бір-бірімізден ұялып отырған сезімді ерте оятқан деп ойлаймын.

Тілеп: - Дұрыс айтасың, мен де солай ойлаймын. Ендеше сол сезімді өз атымен жасырмай айтайық. Мен саған ғашық екенмін, күнім. Соған көзім жетті бүгін (Екі қолын құлашын жаза жайып тұрып дауыстап тіл қатады).

Ей, аспан, қалқып жүрген ақша бұлттар, көкте самғаған қырандар, қараңдар маған, бала емес жігітпін мен! Мен ғашықпын! Күә болыңдар бәрің!

Сарықыз: - Міне, мен де куәмін, куәмін! Бірақ, Тілеп, кімге ғашықсың? Кімге, кімге? Ақша бұлттарға ма?

Тілеп: - Бүгін мен бәріне ғашықпын! Күнге де, гүлге де, барша табиғатқа ғашықпын. Солардың ішінде айдан да ару, судан да сұлу, бәрінен де сұлу аппақ гүлдей Сарықыз деген қызға ғашықпын мен! (Қыздан екі-үш қадам шегініп тұрып, құшағын жайып): Қайдасың сол қыз, қайдасың? Келші, енші құшағыма. Құшайын, сағынышымды басайын.

Сарықыз: - Мен мұндамын, Тілеп! Мен де ашайын құшағымды. Міне, ендім құшағыңа, көңдім еркіңе, асылым. Кімім деп құшасың мені? Мен сенің кіміңмін, Тілеп? Соны айтшы. Естіін сол ынтық сөзді.

Тілеп: - Ғашық жарым деп құшамын, күнім.

Сарықыз: - Естіін деген асыл сөзім осы еді, Тілеп. Алдымен сен айтсын деп едім. Айттың, жақсы айттың сол сөзді. Бүгіннен бастап мен сенің ғашық жарыңмын, жаным. О, табиғат-ана! О, Тәңірім! Қандай бақыттымын мен бүгін! Қызға жігіттің «ғашық жарымсың» деген сөзін естуден артық бақыт бар ма?! Жоқ шығар, сірә?! Осы бақытымды баянды ете гөр, Алла.

Тілеп: - Мен де соны тілеймін, Алладан.(Жерге тізерлеп отырып қолдарын жайып екеуі тілек тілейді): Құдіреті күшті, Құдайым, мынау алдында тұрған қос қыршын, қос ғашықпыз, қосылған құшағымызды жаза көрме. Әкем Аспантайдың баласыз жүргенде өзіңнен тілеп алған жалғыз ұлы едім. Содан атымды да Тілеп деп қойып еді. Әкемнің тілегін беріп едің, менің де тілегімді бере гөр, Алла. Алдымызда қандай тағдыр күтіп тұрғанын білмейміз. Тек бақытты ете гөр. (Тілеп Сарықызды көтеріп қойтастың үстіне келіп алдына алып отырады).

Сарықыз: - Осылай көтеріп жүрсең ғой мені.

Тілеп: - Әрине, көтеріп жүремін. «Қыз ауыр ма, тұз ауыр ма» дейтіні қайда, бір мысқалдай да салмағың сезілмейді. Бұл не ғажап? Не жұмбақ екен, ә? Сен білсең айтшы, гүлім.

Сарықыз: - Гүлім деп отырған жоқсың ба, гүлде салмақ қайдан болсын. Сосын жігіт ғашық болған қызда салмақ болмайды дейді. Ол қыз бақыттан басы айналып көбелек құсап ауада қалып жүреді. Мен де, міне, ауада қалқып тұрмын. Қалқытып тұрған сенсің, жаным. Құшағың жалын, балқып барамын. Жігіттің құшағы осындай ғажап болады екен-ау. Кеше жай бозбала едің, бүгін, міне, нағыз жігітсің, менің жігітімсің.

Тілеп: - Сен де менің ғана гүлімсің. Жай гүл емес, ішіндегі жұпар шашқан ең иісті гүл – құлпырған қызғалдағымсың. Кел, иіскейінші құмар қандырып. (Қыз ақ тамағын тоса береді. Екеуі алғаш рет сүйіседі. Қыз кейде тамағын алып қашып, тәтті қылықтар көрсетіп еркелеп отырады).

Сарықыз: - Қыз бен жігіт бастан кешетін Махаббат деген осы ма, Тілеп? Әлде алдымызда ма әлі?

Тілеп: - Меніңше, біз екеуіміз сол махаббат бақшасында жемісін жеп, бал шарабын ішіп мас болып жүрміз.

Сарықыз: - Рас айтасың, мен маспын. Есім шала. Бір әнде «басымды не сиқырмен әуреледің» деген сөз бар емес пе еді. Сол сиқыр махаббат екен-ау. Сен құшақтаған сайын, бауырыңа тартқан сайын денем дуылдап, буыным босап балқып барамын. Жүрегімнің терең түкпірінен қайдағы бір құпия құштарлық бұла сезім бас көтеріп бұлқынады. Құшағыңа қатты қыса түсші, жаным.

Тілеп: - Ол от сезім – ерік берсе жолындағысың өртейтін сезім. Өртенетін кезі келгенде өртенеміз бірге.

Сарықыз: - Ғашық жарымсың дедің. Мен де сені жарым дедім. Алдағы жұбайлық өмір туралы не ойлағаның бар? Сол күнге қашан жетер екенбіз? Сен ертең еліңе кеткенде мұндағы біреулер құда түсіп жүрсе қайтем? Басы бос қызға көз салатындар да, сөз салатындар да болады ғой.

Тілеп: - Оны өзімше ойлағанымын. Әкем мені алып кетуге келгенде, «құда түсіп кет» деймін. Құдайдан тілеп алған жалғыз ұлының тілегін орындайды әкем.

Сарықыз: - Тілеп, ақылыңнан айналайын. «Ғашық жарымсың» дедің, енді «қалыңдығым» деші.

Тілеп: - Сенің де ақылыңнан айналайын. Құдайдың құлағына шалына берсін, қалыңдығымсың, қалыңдығымсың, қалыңдығымсың! Міне, үш рет айтып құлағыңа құйдым.

Сарықыз: - Мен құлағыма құйып алдым. Қалыңдығыңмын! Қандай керемет, тамаша, қандай тәтті сөз десеңші! Қайта-қайта айта бергім келеді. «Тілептің қалыңдығымын» деп бар даусыммен ауылды басыма көтеріп айқайлағым келеді. Қандай бақыттымн! Төбем көкке төрт-ақ елі жетпей тұр. («Міне» деп төрт саусағын төбесіне қойып көрсетеді.)

Тілеп: - Мен де сондай бақыттымын. Сенің төбең көкке төрт елі жетпей тұрса, менің төбем көкке жетіп, көк тіреп тұр. Саған жетпей тұрған төрт еліні мен қайтсем жеткіземін?

Сарықыз: - Оны қазір айтамын, алдымен қызық сұрақ қояйыншы, қалыңдықтан кейін кімің болам?

Тілеп: - Әдемі сұрақ қойдың, әйелім боласың.

Сарықыз: - Міне, сонда төбем көкке толық жететін болады. (Сықылықтай күліп, еркелеп тағы сұрайды.) Одан соң кімің болам?

Тілеп: - Одан соң ба, одан соң... баламның анасы боласың.

Сарықыз: - Оһо, менің басыма бар бақытты бірден үйіп тастадың ғой.

Тілеп, осы жұрттың мен туралы «Қойлыбайдың пері әйелінен туған қызы» деген сөздері сені алаңдатып, көңіліңе қалу салмай ма?

Тілеп: - Егер сол шын болса, мен қуанар едім. Неге десең, адамның қызын кім алмай жатыр. Әкең Қойлыбай келбетті, көркіті кісі. Қобызшы бақсылығына қарай жын-перілер әлемімен еріксіз байланыста болады. Жын ұрғандарды емдеу кезінде оған сол мұсылман жындары көмектеседі. Сондайда перінің бір перизат қызы әкеңе ғашық болып қалған шығар. Содан сен осындай теңдесі жоқ сұлу боп туғансың. Қазақта перизат – жақсы сөз. Перизат есімді қыздар да аз емес.

Сарықыз: - Ендеше менің перизат екенім рас. Мен қылқылдап қоймаған соң әкем шынын айтқан. Әдетте адам мен пері әйелден туған бала перілерге қосылып кетеді екен. Ал мен перілермен бірге ұшып кете алмайтын боп жаратылыппын. Содан әкем мені етегіне салып, осы шешеме әкеліп берген. Ол еміреніп емшегін аузыма қанша салса да ембеппін және одан сүт те шықпапты. Ешкінің сүтін де аузыма құйып көріпті, мен оны құсып тастай беріппін. Бірақ қарным ашып жыламайтын көрінем. Сөйтсе, перизат анам көрінбей келіп емізіп кетіп жүріпті. Міне, солай өсіппін мен.

Тілеп: - «Перизатым» деп қуана құшамын сені. Сенің жаратылысың ерекше екенін бұрыннан жүрегім сезетін. Перизат десе нағыз перизатсың. Перизат сөзі асыл текті деген мағынаны да білдіреді. Қазақта перизаттар туралы ертегі көп екенін білесің ғой. Алладан алдағы армандарымыздың орындалуын сұрап тілек тілейік.

Сарықыз: - Сен мендік болсаң, мен сендікпін. Бұдан былай сенің тілеуіңді тілеп өмір сүремін, жаным. Жаным да, тәнім де, бар өмірім де саған арналады.

Тілеп: - Мен де сен деп өмір сүремін, күнім. Өмірімнің гүлі де, көңілімнің күні де бір сенсің. Бар арманым – екеуіміз қол ұстасып қосылар күн. Ұлы Алла сол бақытты күнге аман жеткізсін бізді деп тілеймін, перизатым.

Сарықыз: - Мен де сол тілегіңе қосыламын. Міне, қолым, міне, жүрегім сен деп соғып тұрған. Тағдырым сенің қолыңда, тапсырдым, міне, өзімді. (Екеуі бірін-бірі аялап, құшақтасқан, қол алысқан күйі ұзай береді).

БЕСІНШІ КӨРІНІС

(1771 жыл. Қойлыбай ауылына Аспантайдан суыт хабаршы келіп, ауыл адамдарын жинап, суық хабар жеткізеді.)

Хабаршы: – Ау, халайық, екі жүз жылға созылған қазақ халқының жоңғар жапқыншылығына қарсы азаттық күресі Абылай ханның қолбасшылығының арқасында жеңіспен аяқталып, бейбіт заман орнаған еді. Сол бейбіт күн бұзылып, халқымыздың басына тағы да соғыс қаупі төніп тұр. Мынау батысымыздағы орыс жеріне өтіп кетіп, сонда тұрып жатқан Еділ қалмақтары қазақ жері арқылы бұрынғы ата қоныстары Жоңғарияға көтеріле көшіп қайта бармақшы болып жорық бастапты. Кіші жүз ханы Нұралы асығыс әскер жинап, Жем өзені бойында қалмақтарға алғашқы соққы беріп, өз аймағынан бері асырыпты. Енді қалмақтар көші шығысқа қарай жылжып, орта жүз жеріне таяп келеді екен. Торғай елі олардың жолында жатырмыз. Қыпшақ Тілеулі батыр қол жинап, соғысқа дайындалып, әр ауылға хабаршылар жіберуде. «Қару ұстауға шамасы келетіндердің бәрі найза, қылыштарын қайта қолға алсын», – деп ұран тастады. Әр ауыл қорғанысқа дайындалсын, қамсыз отырмасын деп бұйрық беруде. Ал, Қойлыбай, саған Аспантай-Тілепті менімен бірге қайтарсын деп тапсырды, қос ат беріп жіберді, бірін жорықта өзі мінсін деді. Баланы тез жолға дайында. Сөз осы.

Ауыл әйелі: – О, Құдай, бізге тыныштықты көп көрдің бе? Тағы да біріміз баламыздан, біріміз байымыздан айрылып аңырап, зарлап қаламыз ба?

Қойлыбай: – Жә, күні бұрын жылап-сықтап, үрей туғызып, жамандық шақырмаңдар. Тездетіп Тілеулі батырдың тапсырмасын орындауға кірісейік.

Ауыл ағасы: – Қойлыбай дұрыс айтады. Қорғанысқа дайындалайық. Жайлауға жылқышыларға тез адам жіберейік. Жау алды



Алматылық Дана Әли Испаниядағы Voices of Costa Brava халықаралық байқауында Гран-при сыйлығына ие болды. «Джаз вокалы» аталымында Данаға тең келер әнші болмаған.

Байқаудың соңғы сайысы 8 қаңтарда өтті. Жас әншіміз Гран-приден бөлек «Эстрадалық вокал» аталымында бірінші орынға ие болды. Байқауда Дана Кристина Агилераның «Something's got a hold on me», сонымен бірге Чак Джексон мен Марвин Янсидің «This will be» композициясын орындады. Айта кету керек, Дана Диана Шарапованың вокал мектебінің оқушысы.

Диана Шарапованың сөзіне қарағанда, оның мектебіндегі жұмыс еуропалық әдіске негізделген - адамдар алдымен ән салуға машықтанады, содан кейін теорияға көшеді.

- Вокалды шынайы сүйетін адам Вахрамеевтің теориясын да, Дубовскийдің гармониясын да тез ұғады деген сенімдемін. Бастысы тәлімгер бойнанан ән айтуға деген сүйіспеншілікті, қызығушылықты ояту, - деді жас әнші.



«ҚОРҒАСТА» – МҰЗ БЕН ҚАР ФЕСТИВАЛІ

Қазақстан мен ҚХР арасындағы іскерлік және мәдени байланысты нығайту мақсатында Панфилов ауданының тұрғындары Мұз және қар екінші халықаралық фестиваліне қатысты.

Осындай ынтымақтастық байланыс негізінде «Қорғас арқылы Ұлы Жібек жолының бойында» қазақстандық-қытайлық сауда жәрмеңкесі де жалғасуда. Аталмыш жәрмеңке инвесторлар мен сауда саласында серіктестерді тарту мақсатында «Қорғас» шекара маңы халықаралық ынтымақтастық орталығы» жобасының бірлескен презентациясына бағытталған. Шараның негізгі мақсаты - халықаралық туризмді өрістету және осы орталықтағы сауда-саттықтың өркен жаюына кең жол ашу.

Фестивальға ҚХР тарапынан арнайы экономикалық орталық Партиялық жұмысшылар комитеті хатшысының орынбасары, Қорғас қаласының әкімі Мұрал Әбілмәжин, Қазақстаннан Панфилов ауданының әкімі Бердәулет Абдулдаев, «Қорғас» шекара маңы халықаралық ынтымақтастық орталығы» АҚ президенті міндетін атқарушы Василий Ни, Алматы облыстық туризм басқармасының өкілдері және жан-жақтан келген саяхатшылар қатысты.

Шынында, Қорғастағы қысқы «Мұз қаланың» әлем саяхатшыларының назарын аударуға мол мүмкіндіктері бар. Алдымен мұндағы салынып, алды пайдалануға беріле бастаған алып сауда орталықтары толассыз туристердің мекесіне айналды. Шығыс пен батысты жалғайтын шойын жол мен автодаңғыл да оған жағымды жағдай жасамақ.

Жиналғандар аумағы атшаптырым жерді алып жатқан мұз қалашықты қызықтап, мүсіндер маңында суретке түсіп, балалар мұздан соғылған арнайы төбелерден сырғанақ тепті. Мүсіншілер мұз бен қардан соққан алып айдаһар, қанатын қомдап тұрған самұрық құс, түйелер керуені, көркем гүлдер тағы басқа да толып жатқан сәнді көріністер қалашықтың ажарына айналған. Шара барысында фестивалға қатысушылар екі елдің қысқы әйелдер киімінің үлгілерін тамашалап, қытай өндірісінен шыққан жол талғамайтын көліктермен танысты.

Мереке соңы ҚХР-дың Іле қазақ автономды облысы мен Қазақстан өнерпаздарының концертімен аяқталды.

ОҢТҮСТІК БИШІЛЕРІ ГРАН-ПРИДІ ЖЕҢІП АЛДЫ

Шәмші Қалдаяқов атындағы Оңтүстік Қазақстан облыстық филармониясы халықаралық байқауда гран-при жеңіп алды.

Бұл шығармашылық ұжым биыл Алматыда бірінші рет ұйымдастырылған «Қазақстанның Розасы» Халықаралық би байқауында «Халықтық сахналық би» аталымы бойынша бас жүлдеге лайық деп танылды.

Одан бөлек, топ құрамындағы бірнеше биші арнайы дипломдармен марапатталған. Жеңімпаз «Қазына» би тобы алты қыз және алты жігіттен құралған. Бес күнге созылған өнер сайысына Қазақстан, Ресей, Болгария елдерінен 50-ге жуық топ қатысып, оннан астам аталым бойынша бақ сынасты. «Қазына» би ансамблі маусым айында өтетін халықаралық байқауға арнайы жолдаманы да жеңіп алды.



БЕЛГІЛІ ОПЕРА ӘНШІЛЕРІ ТЕГІН КОНЦЕРТ ӨТКІЗЕДІ

Алматыда 17-ші қаңтарда Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының «Әлемдік классика жауһарлары» атты тегін концерт өткізіледі.

Концерт өткізілетін «MEGA Alma-Ata» сауда ойын-сауық орталығында өтетін бағдарламада әлемдік және ұлттық классиканың алтын қорына енген композиторлар: Г.Доницетти, Д.Пуччини, Ф.Легар, И.Штраус, Д.Россини, С.Мухамеджанов және Е.Брусиловскийдің опера және оперетталарынан дуэттер пен ариялар орындалады.

Әлемдік классика жауһарларын Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының солистері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткерлері: Дина Дутмағамбетова, Болат Жомартов, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Талғат Күзембаев, солисттер: Венера Аллысбаева, Анастасия Кожухарова, Торғын Смайлова, Дана Таласпекова, Илона Тен, Халид Нұрәлиев, Дархан Жолдыбаев, Болат Қанағатов және Мақсат Мақұлбеков ән шықайды.

Концерттің авторы мен фортепиано партиясы - ҚР еңбек сіңірген қайраткері Гүлнар Жіділова. Жүргізушісі - Екатерина Ченцова.

Айта кетелік, «Әлемдік классика жауһарлары» концертінің бағдарламасында Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек», Д.Вердидің «Риголетто», Д.Россинидің «Севильялық шаштараз», Д.Пуччинидің «Тоска», Ж.Бизенің «Кармен» және «Инжу іздеуші» опералары мен Ф.Легардың «Жайдары жесір әйел» және И.Штраустың «Жарқанат» оперетталарынан дуэттер мен ариялар орындалды.



ОТАНДЫҚ ЖАЗУШЫ ТОҚАЛДАРҒА АРНАЛҒАН РОМАН ЖАЗДЫ

Отандық жазушы Аян Құдайқұлова қоғамдағы тоқал мәселесін тағы қозғап, роман жазып шықты. Орыс тілінде қалам тербеген жазушы кітабында тоқал бейнесін жаңа қырынан танытуға тырысқан.

Қанша қиындық болса да, тыныштық сақтап, еңбек етуге шақырған Аян Құдайқұлова романда сыры мен мұңы көп, өмірден алынған оқиғаға толы романын Қазақстанда тұратын ұлттардың назарына ұсынды.

«Мен алғашқы үш романымды қазағымның осал жері, бәйбіше мен тоқалдың қарым-қатынасының нашар болуына арнаған болатынмын. Сол қарым-қатынас өте нашар болған соң, соның салдары балаларымыздың қал-жағдайын төмендетпес үшін тағы тоқалға арнап «Жамалған жүрек» атты романым жарыққа шықты. Ұлы халық тілінде жазған себебім, бүкіл Қазақстанда тұратын халықтар оқысын деген ой болды», – дейді Аян Құдайқұлова.



АСТАНАДА ИТАЛЬЯНДЫҚ РЕЖИССЕРДІҢ «МАДАМ БАТТЕРФЛЯЙ» ҚОЙЫЛЫМЫНЫҢ ПРЕМЬЕРАСЫ ӨТЕДІ

Әйгілі итальяндық режиссер Лоренцо Амато опера классикасының ең танымал туындыларының бірі - Дж. Пуччинидің «Мадам Баттерфляй» спектаклін қоюға бел буды. Тұсаукесер «Астана Опера» театрының Үлкен залында 15, 16 және 17 сәуірде өтеді.

Қойылымның музыкалық жетекшісі - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, атақты маэстро Алан Бөрібаев, қоюшы суретші - заманымыздың көрнекті сценографы Эцио Фриджеро (Италия), костюм суретшісі - «Оскар» сыйлығының иегері Франка Скуарчапино (Италия), жарық суретшісі - Винченцо Рапони (Италия), бас хормейстер - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ержан Дәуітов.

Аталған операның «Ла Скала» сахнасында өткен әлемдік тұсаукесеріне 112 жыл болды. Мадам Баттерфляй деп аталып кеткен Чио-Чио-санның тарихын біз жақсы білеміз: американдық лейтенантқа ғашық болған және оған көптен күткен ұл сыйлаған он бес жасар жапондық гейша, сүйіктісінің жасаған опасыздығын білгеннен кейін өзіне-өзі қол жұмсайды. Сынышлар өз дәстүрінен бас тартқан және соңында отбасы мен халқы өмірден бас тартқан қызды бүлікші деп атады.

Режиссер Лоренцо Амато «Мадам Баттерфляй» қойылымында нақты дәуір: XX ғасырдың 40-шы жылдарындағы американдық және жапондық мәдениет арасындағы қайшылықтың тым шиеленіскен кезін сипаттап шығаруға ұйғарды.

«Көрерменнің операдағы салт-дәстүрге қатысты жағын көре білгені маңызды. Мен үшін «Мадам Баттерфляй» ұзақ рәсімді қамтиды: неке қию рәсімінен басталып, күту рәсімімен жалғасып, өлім рәсімімен аяқталады, - деп түсіндірді Лоренцо Амато.

Спектакль психологиялық мизансценалар мен әртістердің еліктіріп әкететін драмалық ойындарына қанық. Безендіру жұмысымен жұлдызды құрам айналысатындықтан, өте тамаша қойылым болатыны сөзсіз. Суретші Эцио Фриджеро сценографияны таза жапон нақышында әзірледі. Дәстүрлі үйлер - ағаштан, бамбуктан жасалған миникалар, ал үй іші сакура бұтақтарымен және суреттермен безендірілген. Франка Скуарчапино қойылымның костюмдерін: ашық түсті кимоно, оби (белдіктер), гэта (орындыққа ұқсаған, екі аяққа бірдей келе беретін жапон ағаш аяқ киімі) дайындады. Жақын күндері бұл киімдерді қазақстандық опера әншілері киіп көреді.

16-17 қаңтарда «Астана Опера» театрында «Бадерка» балеті көпшілік назарына ұсынылады. Аталған туындының премьерасы өткен жылы 25 желтоқсанда өткен болатын. Танымал итальяндық композитор Джакомо Пуччинидің «Тоска» операсы 21 қаңтарда көрерменге жол тартады.

Бұдан басқа, 27 қаңтарда «Астана Опера» театрында «Абай» операсының қойылымы, ал келесі күні камералық залда «Симфоника» циклінен В.А. Моцарттың 260 жылдығына арналған концерт көрсетіледі. Қаңтар айының соңында, 30 және 31 қаңтар күндері Үлкен залда Б. Асафьевтің «Бақшасарай субұрқағы» балеті қойылады.

	Бөлім редакторлары: Әдебиет – Жұма-Назар СОМЖҮРЕК Мәдениет – Гүлжанат ШОНАБАЙ Өнер – Жанарбек БЕРІСТЕН Дін – Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ Ғылым – Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ Сатира – Қазыхан ӘШЕ	Меншікті тілшілер: Қажет АНДАС (Алматы облысы) Темірбек Мұхтаров (Атырау облысы) Байқал БАЙӘДІЛОВ (Ақмола облысы) Алтай АЙЫП (Қызылорда облысы) Мерей ҚАРТОВ (ШҚО) Нуржан СЕРІКХАНҰЛЫ (Жамбыл облысы) Батыр ҚАЛМЫРЗАЕВ (ОҚО) Сырымбет ТҰЯҚОВ (БҚО) Ақмарал Әбдіқалық (Ақтөбе облысы)	Халықаралық тілшілер: Жүсіп ХЕСИМОВ (Түркіменстан) Әлімжан ӘШІМҰЛЫ (Қытай Халық Республикасы) Ақшагүл ТӨЛЕГЕНОВА (Өзбекстан Республикасы)	Аймақтағы өкілдер: Нұрлыбек Жұбатқан (Ақтөбе облысы) Аққали АХМЕТ (Атырау облысы) Әбілсейіт МҰХТАР (БҚО) Өркен ИСМАИЛ (Қызылорда облысы) Жауапты хатшы – Манас ҚИЯЙТАЙҰЛЫ Корректор – Шолпан СЕРІКЖЫЗЫ	● Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 29 тамыз 2012 жылы тіркелуден өтіп, №12994-Г күйалі берілді. ● (Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №10414-Г.10.10.2009 ж.) ● «Үш қанжыр» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы нiңдеттi. ● Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Үш қанжыр» қоғамдық қорының компьютер орталығында жасалып, Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-й «Дүңір» ЖШС баспаханасында басылды. ● Жарияланған мақсала авторларының пікірлері редакция қыздарысын білдірмейді. ● Суреттердің сапасына редакция жауап береді. ● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты. ● «Үш қанжыр» газетінің жазылу индексі: 64311 ● Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.	Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143 Редакция телефондары: 8 (727) 972-75-55, +7 701 951 81 22 Телсырыс 264 Таралымы 13516 дана Өсеттік басылм, Келені – 2 баспа табақ e-mail: ushkonynr_gazeti@mail.ru
--	--	--	---	---	--	--